

**ИРАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ
ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев Масуд Пезешкианды Иранның төл мерекесі – Ислам Революциясы күнімен құттықтады.



Президент екі ел арасындағы қарым-қатынас қос халықтың игілігі жолында қарқынды дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Масуд Пезешкианның жауапты қызметіне толағай табыс, ал Иран халқына құт-береке тіледі.

**БІРҚАТАР МЕМЛЕКЕТ
ЕЛШІЛЕРІНЕН СЕНІМ
ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ**

Ақордада Қазақстан Президентіне екі мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Грек Республикасының елшісі Антониа Кашуру мен Португалия Республикасының елшісі Жозе де Каштру Атаиде Амарал тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан бейбіт сыртқы саясат жүргізетінін атап өтті. Президенттің айтуынша, қазір әлемде орын алған барлық проблема тек бейбіт

жолмен, яғни дипломатиялық арналар мен құралдар арқылы шешілуге тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев Грекия және Португалия елдерінің басшылары мен премьер-министрлеріне ыстық ықыласын жолдап, оларды Астанаға сапармен келуге шақырды.

Іс-шара соңында Мемлекет басшысы елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, Президент Әкімшілігі мен Сыртқы істер министрлігі оларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ****2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.
- Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
- Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
- Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 11 ақпан
№ 1170

**КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ
ЖОБАСЫН ҰСЫНДЫ**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша атқарған жұмысы туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова Комиссияның осыған дейін өткен он екі отырысының нәтижесінде жаңа Ата Заңның қорытынды жобасы әзірленгенін баяндады. Жаңа Конституция мәтіні азаматтар мен сарапшылардың былтыр қазан айынан бастап eGov және e-Otinish порталдарына жолдана бастауына негізінде дайындалды. Сондай-ақ жобадан Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы қазан-қантар айлары аралығында жинақтаған тәсілдер де ескерілді. Эльвира Әзімова Конституциялық комиссия талқылау қорытындысы бойынша жаңа Конституция жобасын жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсынатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы Конституциялық комиссияның өте ауқымды әрі маңызды жұмыс атқарғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, жаңа Конституция ережелері мемлекетіміздің институционалдық негізін трансформациялау үдерісі толы-

ғымен аяқталып, мүлде жаңа конституциялық үлгіге көшетінін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Ата Заң жобасы қоғамдағы өзекті құндылықтар мен мемлекеттік саясат қағидаттарын айқындап қана қоймай, Қазақстанның одан әрі прогрессивті дамуына негіз қалайтынын айтты.

Президент маңызды жұмысты кәсіби тұрғыда атқарған Конституциялық комиссия мүшелеріне ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Комиссия мүшелерінің жаңа Конституция жобасын тікелей эфирде талқылауы қоғамдық диалогтың жоғары деңгейін танытқанына назар аударды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы жобаны әзірлеу мен талқылауға мыңдаған азаматтың белсене атсалысқанына тоқталып, бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай келетінін және жаңа Конституцияның шынайы халықтық сипатын көрсететінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев таяу арада жаңа Конституцияны қабылдау бойынша республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қоятынын мәлімдеді.

АҚОРДА**МАҚСАТ АЙҚЫН, БАҒДАР НАҚТЫ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысып, сөз сөйледі. Президент конституциялық реформа, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру қатарлы бірқатар мәселеге тоқталды.

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ
ӨРКЕНДЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ**

Президент конституциялық реформаның маңызына тоқтала келе, Қазақстан өтпелі кезеңге аяқ басқанын, ел тағдырына әсер ететін ауқымды өзгеріс жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында конституциялық реформаның маңызды тұстары туралы айтқанын еске салып, Ата Заңға қатысты пікір алмасу қоғамда жарты жылдан бері жүріп жатқанын айтты. Барлық ұсынысты жүйелеп саралау үшін 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылғанын, бұл ауқымды жағынан да, кәсіби деңгейі тұрғысынан да еліміз үшін теңдесі жоқ комиссия екенін атап өтті. Әрі осы жолғы Комиссия құрамында шетел мамандары жоқ.

«Жалпы, былтыр қазан айынан бастап азаматтарға өз пікірін білдіруге толық мүмкіндік берілді. Сол уақыттан бері eGov және eOtinish мемлекеттік цифрлық платформалары арқылы бірнеше мың ұсыныс келіп түсті. Комиссия өтініштің бәрін мұқият карап, қорытып, тиісті түзетулерді әзірледі. Конституциялық комиссияның жұмысы барынша ашық жүргізілді.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде цифрлық платформаларды кеңінен қолдандық. Конституциялық реформаға байланысты азаматтармен байланыс желілері тиімді жұмыс істеді. Соның арқасында, шын мәнінде, жалпыұлттық ауқымдағы талқылау болды десек, дұрыс болар. Бұл – Әділетті Қазақстан құрылысының айқын көрінісі.

Осыған дейін Конституциялық комиссияның он отырысы өтті. Комиссия мүшелері түзетулердің аса көптігін ескере отырып, ортақ пайымға келді. «Ата Заңға жекелеген өзгеріс енгізу жеткіліксіз, қазіргі жағдайда жаңа Конституция қабылдаған жөн» деген байлам жасады. Соған сәйкес қантар айында жаңа Конституцияның алғашқы нұсқасы жарияланды.

Бұл бастама қоғамның айрықша назарын аударды. Мен мұны өте жақсы үрдіс деп санаймын. Азаматтарымыз Конституция жобасының түрлі баптарын қызу талқылап жатыр. Қоғамның саяси мәдениеті және белсенділігі артып келеді. Бұл – менің саяси бағдарымда көрсетілген негізгі міндеттердің бірі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміз үшін «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» және «плюрализмге – ашықпыз, экстремизмнен – қашықпыз» қағидаттары өте маңызды екенін, сол арқылы қоғамдық диалогтың дамуына, еліміздің үздіксіз алға басуына жол ашылатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Қазірдің өзінде бір нәрсені күмәнсіз айтуға болады: жұртшылық назарына мүлде жаңа құжат ұсынылып отыр. Бұл құжат мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына

түскенін, яғни сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Жаңа Конституция жобасына енген нормалар Қазақстанның саяси жүйесінің даму қисыны мен бірізділігін бекітеді. Ол, ең алдымен, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына негізделеді.

Соңғы жылдардағы саяси реформаларға кеңінен қарасақ, Қазақстан суперпрезиденттік билік формасынан түбегейлі бас тартып, беделді әрі ықпалды Парламентті бар президенттік республика үлгісіне көшкеніне көз жеткізуге болады», – деді.

Ал ұсынылған өзгерістер – осы үдерістің заңды жалғасы. Соңғы жылдардағы саяси жаңғыртулар, соның ішінде 2022 жылғы конституциялық реформа мемлекетіміздің конституциялық негізін толық қайта құру қажет екенін көрсетеді.

«Ұсынылған түзетулер билік құзыреттерін қайта бөлуге, тежемелік және тепе-теңдік жүйесіндегі теңгерімді күшейтуге, ең бастысы, барлық саяси институттардың тиімділігі мен орнықтылығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция жобасында «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындала түсті. Біз 2019 жылдан бері дәйекті түрде осы жолмен жүріп келеміз.

Түтіп келгенде, ұсынылып отырған өзгерістердің арқасы – бір. Бұл – адамдардың және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Біз адам құқығының қорғалуына кепілдік беретін және оның нақты жолдары айқын көрсетілетін біртұтас жүйе қалыптастырамыз.

Мысалы, адвокаттардың ұсынысымен Ата Заң жобасына адвокатура туралы жеке бап қосылды. Жаңа Конституция жобасында білім беру жүйесіне баса мән беру арқылы мемлекеттің зайырлы сипаты да нақтылана түсті. Ал «Неке – еркек пен әйелдің ерікті және теңқұқылы бірлестігі, яғни одағы» деген тұжырым арқылы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды сақтап қалу мақсаты көзделді. Конституция жобасында табиғатты қорғау мәселесіне де назар аударылды. Менінше, бұл – өте маңызды нәрсе.

Түзетулердің ішіне тағы бір аса қажетті норманы енгізу керек деп санаймын. Қазіргі Конституцияда «Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді» деген ереже бар. Осы ережені «тұрғын үйден мәжбүрлеп шығаруға да сот шешімінсіз жол берілмейді» деп толықтырған жөн.

Менінше, бұл – жаңа Конституцияның сипатына толық сай келетін әлеуметтік норма. Тұтастай алғанда, Негізгі Заң жобасында Қазақстанның қарқынды дамуына, ұлттымыздың ұйысуына қажетті іргелі қағидаттар мен құндылықтар толық қамтылған», – деді Президент.

Конституция жобасында Әділетті Қазақстан, Заң мен тәртіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтік-

сіз сакталатыны сияқты негізгі қағидаттар нақты көрсетілген. Білім, ғылым, инновациялар және мәдениет еліміздің теңдессіз басымдықтары ретінде айқындалды. Тәуелсіздігіміз, егемендігіміз және аумақтық тұтастығымыз мызғымас құндылықтар болып қала береді және еліміздің унитарлығы, жерінің тұтастығы мен басқару нысаны ешқашан өзгермейді деген аса маңызды сөздер бар.

«Бір сөзбен айтқанда, жаңа Конституция жобасын, шын мәнінде, озық, яғни түбегейлі жанарған, әрбір тұсы сарапталған, сапалы жазылған мәтін деп атауға толық негіз бар. Онда конституциялық құрылысқа қатысты әлемдегі үздік тәжірибелер көрініс тапқан, адам құқықтары және ұлттық мүддеміз толық қорғалған.

Әрине, қазіргі Конституциямыздың мән-маңызын ешкім жоққа шығармайды. Соңғы 30 жылда жеткен барлық жетістігіміздің бастауында Ата Заңымыз тұрғаны сөзсіз. Бұл – тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегінің арқасы.

Дегенмен бұл құжат еліміз енді ғана еңсесін тіктей бастаған кезде қабылданғанын ескерген жөн. Онда Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қиын күндердің ізі бар. Солай болуы да заңды.

Сол кезден бері еліміз адам танымастай өзгерді. Болашағымызға көбі күмәнмен қараса да, Қазақстан халықаралық беделі жоғары, мықты мемлекетке айналды. Қазір әлемдегі геосаяси, геэкономикалық, технологиялық ахуал түбегейлі өзгеріп жатыр. Соңғы жылдары Қазақстан да көптеген өзгерісті бастан өткерді. Бұл өзгерістер ұлт санасына ықпал етті, тіпті зор сілкініс әкелді десек, қате болмас. Сондықтан еліміздің мақсат-міндеттерін, құндылықтары мен қағидаттарын заман талабына сай, конституциялық деңгейде жаңғырту айрықша маңызды», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, жаңа Конституцияның жобасы жекелеген түзетулер енгізілген жоба емес. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – жаңа тарихи дәуірде мемлекеттің негіздерін түбегейлі қайта құру, қоғамдық сананы жаңғырту.

«Жаңа Конституцияның жобасына аса қажетті әрі озық нормалар енгізілген. Біз бөріміз бір ел болып ырыс-ынтымағымызды, береке-бірлігімізді сақтай отырып, эволюциялық, яғни табиғи жолмен дамып келеміз. Бұл – өте маңызды. Бұдан басқа жол жоқ.

Жаңа Конституция Қазақстанды тың қарқынмен өркендетуге, әр азаматтың әлеуетін арттыруға жол ашады деп сенемін. Қалай десек те, Ата Заңымызға қатысты түпкілікті шешім жалпыұлттық референдумда қабылданады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ҰЛТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУДЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ ДЕ ӨЗЕКТІ**

Сонымен қатар Президент әлеуметтік-экономикалық мәселелерге де тоқталды. «Біздің басты мақсатымыз – қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру.

Сарапшылар әлем экономикасының өсімі баяулап, халықаралық сауда қарқыны әлсірейді деген болжам жасауда. Дамушы елдерге салынатын жаһандық инвестиция көлемі азайып барады. Қаржы саласы тоқырауға ұшырауы мүмкін. Бүгінде көптеген ел өз нарығын қорғау шараларын күшейтіп жатыр. Мемлекеттер арасында өзара тарифтік шектеу қою үрдісі белен алды. Жаһандану үдерісі кері сипат ала бастады. Мұның бәрі әлемдегі геосаяси ахуалды өзгертіп жатыр. Бірақ негізгі әрі шешуші оқиғалар әлі алда.

Дүниежүзінде мүлде жаңа үдерістер пайда болуда. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін біз осы өзгерістерге экономикалық және саяси тұрғыдан бейімделуіміз қажет. Бұл – аса маңызды міндеттің бірі», – деді ол.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Президент азаматтардың құқығын қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелері бойынша жиын өткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесіне Президент Әкімшілігі, Қауіпсіздік Кеңесі және құқық қорғау органдарының жетекшілері қатысты.

Жиында елімізде азаматтардың заңды құқықтарын қорғау және «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Сондай-ақ Президент кеңеске қатысушыларға Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасы бойынша жұмыс істеген Конституциялық комиссия қызметінің қорытындысы жөнінде мәлімет берді.

АҚОРДА

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Президенттің пайымдауынша, ұлт мүддесін қорғау үшін экономиканы нығайтуға және дамытуға арналған нақты жоспар болуға тиіс. Дүниежүзіндегі экономикалық ахуалға қарамастан, былтыр Қазақстан экономикасы 6,5 пайызға өсті.

«Біздің миссиямыз — айқын: экономикалық өсім жоғары сапаға ие болуы керек, яғни, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға тиіс. Басқаша айтсақ, ішкі жалпы өнім артқан сайын, азаматтардың нақты табысы да көбеюі керек. Бұл — Үкіметтің алдында тұрған негізгі міндет.

Аталған мақсатқа жету үшін бізге бұған дейінгі өсімді қанағат тұтпайтын, қазіргі сын-қатерлерге желел жауап беретін, басымдықтар егжей-тегжейлі ойластырылған экономикалық саясат қажет», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасына тұрақты өсім моделі керек екенін алға тартты. Оған сәйкес, мемлекет нарықтық экономиканың стратегиялық даму векторын нақты анықтап, қолда бар қаржы ресурстарын экономикалық өсім әкелетін басты салаларға бағыттауы қажет. Мұндай тәсіл ұлттық табысты азаматтарға анағұрлым тиімді әрі әділ бөлуге мүмкіндік береді.

«Ашығын айтқанда, мен бұл жайында күнде ойланамын, мамандармен кеңесемін, арнайы экономикалық сараптамаларды оқимын. Экономикалық және қаржылық саясатты қайта жаңғырту бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұр.

Үкіметтің таяу арадағы міндеті — өнімділікті арттыру, технологиялық жанару және адами капиталды дамыту есебінен өсімді қамтамасыз ету, табысты ең игілігіне жұмсау.

Мұндай модельді тек инвестиция саясатын жандандыру, бизнестің мүддесін тұрақты қорғау арқылы құруға болады. Яғни, бұл саясаттың түпкі нәтижесі халық табысын арттыру, экономикалық дербестікті нығайту болуға тиіс.

Үкіметтің алдында уақыт оздырмай шешетін бірқатар міндет бар. Атап айтқанда, тұрақты әрі қалыпты инфляция көрсеткішін және мемлекет қаржысының теңгерімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ былтырғы Жолдауымда жарияланған жана инвестициялық кезеңді толығымен жүзеге асыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу көмекші қызмет атқарумен шектелмей, экономикалық дамудың басты арқауы болуы керек.

ЖИ негізінде цифрландырудың бірқатар басты міндеттерін орындау қажет. Бұл — еңбек өнімділігін арттыру, экономиканың экспортқа бағдарланған секторларын қалыптастыру, қосылған құны жоғары өнім шығару және Қазақстанды жаһандық цифрлық экономика тізбегіне кіріктіру.

Жаңа инвестициялық кезеңді іске асыру еліміздің индустрия, энергетика, көлік салаларындағы заманауи жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің дамыту, бұл — ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс. Осындай жауапты сөзге дұрыс, батыл әрі тиімді шешімдерді дер кезінде қабылдау өте маңызды», — деді Президент.

Содан соң мемлекеттік аппарат нақты нәтижеге жету үшін жұмыс істеуге және оның игілігін бүкіл қоғам көруге тиіс екенін еске салды. Әрі қазіргі таңдағы аса өзекті мәселелерге тоқталады.

ИНФЛЯЦИЯНЫ ҚАЛЫПТЫ ДЕНГЕЙДЕ УСТАУ ҚАЖЕТ

Президент Қазақстан үшін өзекті саналатын мәселелер туралы ойын инфляциядан бастады.

«**Бірінші**. Инфляцияны ойға қонымды, қалыпты деңгейге түсіру қажет. Оның шарықтап кетуіне жол бермеу керек.

Инфляцияның не себепті жоғары болып тұрғаны белгілі, кеселдің себебі анықталды. Енді осы мәселені шешу керек. Бірақ ұсынылатын шаралар елдің дамуына кері әсерін тигізбеуі қажет.

Үкімет пен Ұлттық банкке бірлесіп нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуді тапсырамын. Осы маңызды жұмысқа барлық мекеме өкілі мен сарапшылар қатысуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын: қолайсыз ахуалды шұғыр ретке келтіру қажет», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Президент биылдан бастап үш жыл қатарынан инфляцияны төмендету үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

«Бірлескен іс-қимыл бағдарламасын сапалы орындау айрықша маңызды. Мәселені шешудің орнына бос сөзді көбейтіп, қажетсіз «жол карталарын» әзірлеу — жауапкершіліктен қашу деген сөз. Алдын ала ескерту: ондай жағдайда қатан шара қолданылады. Халықтың табысы артса ғана нақты нәтижеге қол жеткізілді деп санауға болады», — деді Қ.Тоқаев.

«**Екінші**. Жаңа Салық кодексінің тиімді енгізілуін қамтамасыз ету керек. Жаңа салық-бюджет саясаты теңгерімді сипат алып, экономиканы орнықты дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағдарлануы қажет.

Биыл күшіне енген Салық кодексі экономиканы ашықтық пен тәртіпті күшейтуге ынталандырады. Қазірдің өзінде алғашқы оң нәтижелерін көріп отырмыз. Экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа салық режимі іске қосылғалы бері 180 мыңнан астам жана салық төлеуші заң аясында әрекет ете бастады.

Үкіметтің бағалауынша, салық реформасының нәтижесінде биыл бюджетке қосымша 4,4 триллион теңге түседі.

Жоспар, әлбетте, көңілге сенім ұялатады. Бірақ қайталап айтамын: белгіленген көрсеткіштерге шамадан тыс салық салу, бизнесті заныс немен негізсіз қыспаққа алу есебінен жетуге болмайды.

Бюджетті тиімді салықтық әкімшілендіру арқылы толықтыруға болады деп ой-

лаймын. Сондықтан салық жүйесін жаппай цифрландыруға шұғыл кіріскен жөн», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Президент жазалаушы менталитеттен арылатын кез келгенін, салық органдары мен салық төлеушілер арасында серіктестік және өзара сенім қағидаты орнығуға тиіс екенін атап өтті.

«Бұл жөнінде жақында «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда айттым. Үкіметтің кейбір мүшелерімен әңгімеден ұққаным, оны бәрі бірдей ықылас қойып оқымаған секілді. Қызылордала өткен Ұлттық құрылтай отырысындағы сөзімді де толық түсінбегендеріңіз байқалады. Интернет ұзақ мәтіндерді оқудан алыстатты. Оның үстіне мәтінді, кітаптар мен мақалаларды оқымай-ақ, мазмұнын тыңдай салатын мүмкіндік пайда болды. Бірақ бұл — мемлекеттік қызметкерлерге жараспайтын әдет. Оқу керек. Әйтпесе, зейнет жасына жеткен кезде, ойлану қабілетінен айырылып қаласыздар. Бұл өте қауіпті. Сондықтан көп оқыныздар», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар банктер, агрегаторлар мен маркетплейстер салықтық әкімшілендірудің әрекет ету аясына толықтай еніп, салық агенттері міндетін атқаруға тиіс екенін атап өтті.

«Мемлекеттік кірістер комитетіне толық цифрлық режимде жұмыс істейтін «фискалдық деректер фабрикасына» айналу міндеті жүктелді. Бүкіл мәселені шешудің жалғыз дұрыс жолы — осы», — деді Президент.

Ал 2027 жылдың соңына дейін салық және келен жүйесін басқарудың цифрлық тәсілін енгізуді тапсырды. Себебі, бұл — стратегиялық маңызды бар міндет.

«Министрілер қабылдаған жана ережелер мен шешімдер шетелдік және отандық компаниялардың қызметіне кері әсер етпеуге тиіс. Мұндай жайт еліміздегі инвестициялық климатты нашарлатады. Отандық және шетелдік компаниялар бұл мәселеге алаңдаушылық білдіріп, маған хат жазып жатыр.

Фискалдық саясаттың тиімділігіне, ең алдымен, бюджетті ретке келтіріп, қаржы тәртібін қатаң сақтау арқылы қол жеткізуге болады», — деді Президент.

МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫН ҮНЕМДІ ЖҰМСАУ КЕРЕК

Президент мемлекеттің тиімсіз шығындарын барынша қысқарту үшін қолданыстағы бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау қажет екенін ескертті.

«Бұл — өте маңызды міндет. Мұны орындауды созбаланға салмаңыздар. Бұл істе Қаржы және Экономика министрліктері қатаңдық пен табандылық, кәсібилік танытуы керек. Басымдықтардың қайсысын бірінші, қайсысы кейін екенін нақты белгілеп алу қажет.

Бюджет қаржысын игерудің қазіргі критерийінен бас тартып, мемлекеттік инвестицияның тиімділігін басқаруды күшейткеніміз дұрыс. Бұл — маңызды міндет. Жалпы, бюджетті асығыс игеру дұрыс емес. Мұны кім шығарып жүр? Жылдың соңында бюджетті игеру керек деген жарыс басталады. Басқаша айтсақ, бұл қаржыны онды-солды шашу деген сөз. Жұмыс тәртібін қайта қараныздар. Өйткені қазір заман басқа.

Үкімет пен өкімдер бюджеттің игерілуі қалуынан қауіптеніп, жобаларға қаржы бөлу тәжірибесін доғаратын кез келді. Ең сорақысы, мұндай шешімдер субъективті түрде қабылданып, қаржы таңдаулыларға ғана беріледі. Токетері, әркім өз білгенін жасағанды қою керек.

Енді мұндайды мемлекет мүддесіне қасакана қарсы әрекет ету деп қарастырамыз», — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, бюджет қаржысы азаматтарымызға нақты пайда әкелетін және ұлттық экономиканың дамуына септігін тигізетін жобаларға берілуге тиіс. Сол себепті Үкіметке биыл 1 мамырға дейін бюджет бағдарламаларына ревизия жүргізіп, мемлекет есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеу механизмін жетілдіру тапсырылады. Бұл квазимемлекеттік секторға да қатысты болмақ.

«Тағы бір маңызды мәселе. Аймақтардағы бюджеттік жоспарлауды сапалы жүргізуге баса мән беру қажет. Өздеріңізге мәлім, соңғы жылдары аймақтардың кіріс қоры айтарлықтай артты, бірқатар салық пен төлем түрлері республикалық деңгейден аймаққа берілді. Соның салдарынан жеткілікті қаржы бөлмей, жергілікті бюджетке қосымша шығындарды артып қою жағдайлары жиілеп кетті. Мұндай тәжірибе бюджетаралық қатынастардың қисынына қайшы әрі қабылданып жатқан шешімдерге сенімді жоғалтады. Сондықтан жергілікті атқарушы органдарға берілетін қаржы ресурстары мен олардың міндеттемелері бір-бірімен мөлшерлес болуын ескеру өте маңызды. Егер білгеріңіз жетсе, мұны орындау аса қиын емес.

Қазақстан — бір орталықтан басқарылатын унитарлы, біртұтас ел. Сол себепті еліміздің әлеуетін нығайтуды, халқымыздың әл-ауқатын арттыруды басты мақсат етіп, ақыл-парасатпен, бір қолдың саласындай жұмылып жұмыс істеу қажет», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаңа Бюджет кодексінде бюджетаралық қатынастар нақтылық және барлық бюджет деңгейіндегі жауапкершілік тұрғысынан қайта қаралғанын еске салған Мемлекет басшысы енді осы нормалар өңірлерде іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін байқап көру қажет екенін атап өтті. Президенттің пайымдауынша, қолданыстағы құралдар тиімсіз болса, оны түзету қажет.

ӨНІРЛЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІ САҚТАЛАДЫ

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жана ережелер өнірлердің қаржылық дербестігіне тұсау болмауға тиіс екенін ескертті. Ең бастысы, олардың кіріс көздерін ұлғайтуға деген ынта-жігеріне кері әсер етпеуі керек.

«Үкімет аймақтардың қаржылық орнықтылығын нығайту шараларын қабыл-

МАҚСАТ АЙҚЫН,

дауға міндетті. Бұл — стратегиялық сипаты бар мақсат. Басқарудың түрлі деңгейі арасындағы жауапкершілікке салғырт қарауға болмайды.

Менің тапсырмаммен былтыр 2030 жылға дейін аймақтарды дамытуға арналған тұжырымдама бекітілді. Басты мақсат — өнірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті азайтып, халықтың әл-ауқатын арттыру.

Өткен жылғы даму қорытындысы туралы айтар болсақ, аймақтардың экономикасы тұрақты өсіп-өркендеп келеді. Бірақ шешімін таппаған мәселелер бар. Аймақтардың инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі орташа есеппен алғанда — 64,1 пайыз. Бұл көрсеткіш әр өңірде әртүрлі, айтарлықтай алшақтық бар», — деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, қажетті инфрақұрылымның болмауы облыстардың дамуына және халықтың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, жанадан құрылған Абай және Ұлытау облыстарында инфрақұрылым жеткіліксіз. Алматы облысында да ахуал мәз емес. Сондықтан бұл аймақтардың дамуына айрықша назар аудару қажет.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫНА ӘСЕР ЕТЕДІ

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық мемлекет құру мәселесіне айрықша тоқталды.

«**Үшінші**. Цифрлық мемлекет құру мәселесіне айрықша көңіл бөлу керек. Бұл Қазақстанның болашағына тікелей әсер етеді.

Цифрлық тәсілдер арқылы артық шығынды қысқартып, әкімшілік кедергілерді енсере аламыз. Басқару ісіндегі тиімсіз шешімдерді барынша азайтуға болады.

Жасанды интеллекттің толыққанды енгізу бүкіл цифрландыру саясатының өзегі болуға тиіс. Жасанды интеллектіге негізделген аса маңызды цифрлық жобаларды жүзеге асыру мәселесін айрықша назарда ұстау керек. Үкімет мұндай жобаларды толық әрі уақытылы қаржыландыру үшін негізгі басымдықтарды нақты белгілеп алуы қажет.

Әйтпесе, ауқымды жоспардың бәрі қағаз жүзінде қалып қояды. Алдымызда айқын бағдар болмаса, қандай стратегиямен де мақсатқа жету оңай болмайды.

Сонымен қатар тағы бір кемшілік көзге анық көрінеді. Үкімет мүшелері мен өкімдер өздеріне сеніп тапсырылған салалар мен облыстардағы барлық олқылықты цифрландыруға «жаба салады». Адамдар өзін қорғаудың, басын арашалап алудың небір құйтырқы әдісін табады», — деді Президент.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы сапалы цифрлық даму үдерісін жеке сектормен тығыз байланыста қарауды маңызды мәселе деп атады. Үкімет бизнес саласына цифрлық тәсілдерді белсенді түрде енгізуге мүмкіндік беретін арнайы қолдау шараларын әзірлеуге тиіс.

«Қазір мемлекет көрсететін қызметтерді цифрландыру, мемлекеттік базаларды өзара кіріктіру жұмысы жүріп жатыр. Бірақ мұның бәрі мәліметтерді басқару ісінің сапасын жақсартпа алмай отыр. Әзірге оң өзгерістер көрінбейді.

Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен, сондай-ақ Ұлттық банкпен бірлесіп жыл соңына дейін мемлекеттік мәліметтерді басқаруды біртұтас жүйесін құруды тапсырамын.

Соңғы кезде мемлекеттік цифрлық жүйелердің жұмысынан ақау шығып жүр. Бұл қазіргі IT-тәсілдердің технологиялық жағынан өсірілгенін және басқару сапасының төмендігін көрсетеді. Мұндай олқылықтар мемлекеттің бизнес өкілдерімен және азаматтармен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді.

Цифрлық өзгерістің бәрі QazTech платформасының негізінде жасалуға тиіс.

Үкіметке бірыңғай цифрлық платформа қоюға жол ашылады. Бұл — маңызды міндет. Бұған дейін ведомстволардың бәрі цифрландырумен ешқандай бақылаусыз, өз бетінше айналысып келді. Бұл техникалық проблемаларды көбейтіп қоймай, қазына қаржысын онды-солды шашуға өкеп соқты», — деді Президент.

Мемлекет басшысы Бас прокуратурада өткен жиында Үкімет мүшелері шашыраңқы жүйелердің басын біріктіруге қанша қаржы қажет екенін жария еткенін еске салды.

«Басын ашып айтайын, мұндай ақша жұмсалуды мүмкін емес. Ел аузында жүрген бір құрылысшы-шенеунік айтқандай, ақшасы болса, ғимаратты ақымақ та салады, ал осы міндетті қаржысыз шешуге шеберлік қажет. Ал шеберліктеріңізді көрсетіңіздер. Үкімет бюджеттен қыруар қаражат шығындамай, тапсырманы орындаудың жоспарын ұсынуға тиіс. Проблемамы қолдан жасап, оны шешу үшін мемлекеттен ауқымды инвестиция бөлеміз. Бұлай болмайды», — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы дербес деректердің қорғалуы өзекті екенін атап өтті. Сондықтан киберқылмыспен және алаяқтықпен күрес жүріп жатыр. Ұлттық антифрод-орталығы 90 мың азаматты алаяқтардың арбауынан сақтап қалған.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, әлеуметтік саланы цифрландыру мәселесі де өте маңызды. Былтыр республикалық бюджеттің 40 пайызға жуығы осы салаға бөлінді.

«Бірақ бұл қаражат қаншалықты тиімді жұмсалды деген орынды сұрақ туындайды. Сондықтан Үкімет үй шаруашылықтарының әлеуметтік цифрлық профилін қалыптастыруға тиіс. Сонда әлеуметтік көмек те, шын мәнінде, көмекке мұқтаж адамдарға беріледі.

Қаржылай төлемакыдан бастап, азық-түлік, дәрі-дәрмек, баспана немесе білім алуға берілетін вачуерлерге дейінгі қолдаудың барлық түрі банк және төлем инфрақұрылымымен тығыз байланысқан «Әлеуметтік әмиян» арқылы берілуге тиіс.



Үкімет әкімдіктермен бірге осы тәжірибені барлық жерде кеңінен қолдануы керек. Сондай-ақ бұл тәсілді жыл соңына дейін тездетіп іске қосуы қажет.

Менің байқауымша, Үкімет отандық Аіту мессенджеріне тиісті деңгейде көңіл бөлмей отыр. Тіпті оны мемлекеттік қызметкерлер де пайдаланбайды.

Egov AI деп аталатын әмбебап жасанды интеллект-көмекшісін (ассистентін) әзірлеу керек. Барлық азаматқа қолжетімді болатын осы жүйе біртіндеп Халыққа қызмет көрсету орталықтарының орнын басады.

Әлеуметтік қолдау шараларын басқаратын инфрақұрылымды, яғни Бірыңғай цифрлық әлеуметтік қорғау платформасын нақты айқындап алу қажет», — деді Мемлекет басшысы.

БІЛІМ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАЛАРЫНДА КЕМШІЛІКТЕР БАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында білім саласында да бірқатар кемшілік бар екенін атап өтті.

«Білім саласында бірқатар жүйелік проблема бар екенін Ұлттық құрылтай отырысында айттым. Олар жекеменшік білім беру ұйымдарын қолдауға да, мемлекеттің мектептер мен жоғары оқу орындарын қаржыландыру тетіктерінде де қатысты.

Білім саласындағы «экономизация», яғни қаржыны текке шашпай, жүйелі жұмсау үдерісін жағастырған жөн. Бұл ретте балабақшадан бастап университеттерге дейінгі барлық деңгейде мемлекеттік қаржыландырудың тиімділігін түбегейлі арттыруға баса мән беру қажет. Жаңа деректер анықталғаннан кейін бұл маңызды міндетке айналады», — деді ол.

Сонымен қатар маман даярлау ісі экономиканың нақты секторларында жасанды интеллектті мен жаңа технологияларды игеру қарқынына илес алмай жатқанын да тілге тиек етті. Оқу бағдарламалары мен стандарттары жаңарып үлгергенше, мамандықтар өзгеріп жатыр. Демек, жай ғана IT мамандардың санын көбейту және жалпы цифрлық дағдыларды үйрету жеткіліксіз.

«Осыған орай Үкіметке жетекші компаниялармен бірлесіп, мемлекет пен жеке серіктестік негізінде Ұлттық мамандықтар трансформациясы орталығын құруды тапсырамын. Ол орталықты мемлекеттік емес компаниялардың консорциумы басқарғаны дұрыс.

Өз кезегінде, Үкімет ережелерді айқындап, ашықтық пен суранысты қамтамасыз етуге, тиімді шешімдерді жаппай таратуға көмектесе алады», — деді Президент.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында жеке-жеке жұмыс істейтін 30-дан астам ақпараттық жүйе бар екенін айтты. Аталған жүйелерді бір-біріне толыққанды байланыстыру жөнінде қанша талап қойылғанымен, ол тапсырмалар әлі күнге орындалмаған. Президенттің пайымдауынша, бюджет қаржысын жымқырудың басты себептерінің бірі — осы.

«Салалық министрлердің көз алдында бұрын-соңды болмаған ауқымдағы алаяқтық істер жасалғаны таңғалдырады. Оның үстіне, бұл әлеуметтік салада орын алып жатыр. Бас прокуратура мен басқа да өкілетті органдар қылмысты қашан жасалғанына, оны кімдердің жасырғанына қарамастан, істі егжей-тегжейлі тексеріп, ақиқатты анықтауға міндетті. Тергеу процесін өз бақылауымызға ұстаймын.

Үкіметке I желтоқсанға дейін Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйе құру жұмысын аяқтауды тапсырамын. Бұл барлық үдеріске бақылау жасап, басынан аяғына дейін қадағалап отыратын жүйе болуға тиіс.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің де барынша ашық болуын қамтамасыз ету керек. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жалған құжат толтырып, деректерді бұрмалайтын қитұрқы жолдар бар екені анықталды. Мен Ұлттық құрылтайдың отырысында осы мәселеге арнайы тоқталдым.

Тағы да айтамын. Бас прокуратура және тиісті құқық қорғау мекемелері барлық жымқыру әрекетіне қатысы бар адамдарды заң тұрғысынан жауапқа тартуы қажет.

Білім саласында да неше түрлі алаяқтық әрекет бар болып шықты. Занды бұзған азаматтарды міндетті түрде жазаға тарту керек», — дей келе Мемлекет басшысы Үкіметке жыл соңына дейін Қордың жұмысын толық цифрландыруды тапсырды.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ ЖЕТКІЛІКТІ БОЛУЫ — ДАМУ КЕПІШІ

Президент өз сөзінде электр қуаты мәселесіне де тоқталды. Электр қуаты тұрақты әрі жеткілікті көлемде өндірілмесе, жасанды интеллекттің енгізу және жаппай цифрландыруды жүзеге асыру мүмкін болмайтынын айтты.

«Бұл мәселе жөнінде мен Ұлттық құрылтай отырысында пікірімді анық айтып кеттім.

Еліміз электр энергиясының ішкі тапшылығын жою үшін оны жыл сайын импорттауға мәжбүр. Былтыр 3,7 миллиард киловатт-сағат энергияны сырттан алдық. Қуат көздері мен электр желілерінің әбден ескіруі де бұл саладағы ахуалды ушықтырып тұр.

Өткен үш жылда «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында энергетика саласына 1 триллион теңгеден астам қаржы салынды. Бұл қаражаттың негізгі бөлігі, яғни 900 миллиард теңгеден астам қаржы жөндеу жұмыстарына жұмсалды.

Жаңа қуат көздерін іске қосуға 140 миллиард теңге ғана бөлінген. Бұл ұзақ уақыт бойы тұрақты энергожүйені қамтамасыз етуге жетпейтіні анық. Энергетика министрлігінің бұрынғы басшылары тек мұнаймен шұғылданған сияқты, электр қуаты өндірісі екінші қатарда назардан тыс қалды. Енді бұл олқылықты тез арада түзетіміз қажет.

Қазіргі кезде Қазақстанда 123 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы өндіріледі. Бұл еліміз үшін мүлдем жеткіліксіз», — деді Президент.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Үкіметтің 2029 жылдың соңына дейін 13,3 гигаваттық жана қуат көздерін іске қосамыз деп жоспарлағанын, оның 5,9 гигабаты жанартылатын қуат көздерінен алынатынын айтты. Сондай-ақ Үкімет келесі жылы электр қуатына деген суранысты толық өтеуді көздеп отыр. Тіп

БАҒДАР НАҚТЫ

«Бірақ ашығын айтуымыз керек, инвесторлармен жұмыстың қазіргі тәсілдері сапалы инвестиция тартуға келергі келтіріп отыр. Қағазбастылық әлі көп, бір міндет бірнеше органға қатар жүктелген. Мен былтырғы Жолдауымда бұл мәселеге арнайы тоқталдым. Осындай тиімсіз жұмысты доғару қажет. Мекемелер арасында біртұтас әрі өзара келісілген байланыс жүйесін қалыптастыру керек.

Бір сөзбен, шешім қабылдау және үйлестіру жұмысы бір жерден жүзеге асырылуға тиіс. Шешім қабылдау үдерісін созуға болмайды, оны тездету керек. Инвестициялық штаб Роман Складьын арқасында өз жұмысын жалпы тиімді атқарып отыр.

Көп нәрсе бірінші басшыға байланысты. Олар инвестициялық жобалардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Жоба іске қосылғаннан кейін де инвесторға қолдау көрсете беру керек. Жұмыс барысына үнемі мониторинг жүргізіп, әкімшілік кедергілерге жол бермеу қажет.

Мен инвестициялар мәселесімен айналысатын арнайы көмекшіні тағайындадым. Шетелдік немесе отандық инвесторлардың сұрақтары болса, Мұрат Нұртілеуге Focal point ретінде шағымдануға болды.

Ал халықаралық қаржы институттарымен Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы — Президенттің кеңесшісі Әсет Ергалиев байланыста болады», — деді Президент.



Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды тәсілдің бірі — ұзақ мерзімге арналған офтейк-келісімшарттар жасау. Бірақ қазір елімізде мұндай келісімшарт жасаудың бірыңғай әрі түсінікті ережесі жоқ. Соның салдарынан стратегиялық маңызы бар бірқатар инвестициялық жоба іске аспай жатыр.

«Үкімет пен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне осы мәселені шешу үшін тиімді шаралар қабылдауды тапсырамын.

Мен Жолдауда арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетін толық пайдалану қажеттігі туралы айттым. Қытайда және Вьетнамда мұндай аймақтар экономиканың қозғаушы күші саналады. Ал біздің елдегі арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігі әлі күнге дейін төмен.

Ширек ғасырға жуық уақыттан бері арнайы экономикалық аймақтардың ішкі жалпы өнімге қосқан үлесі 1 пайыздан сәл ғана асады. Оның 0,3 пайызы — экспортқа, 0,9 пайызы шетел инвестициясына тиесілі. Арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі жұмыс тәсілі мүлде жарамсыз деуге болады. Олар инвестиция тартатын алаң болуға тиіс. Арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі инфрақұрылымын дамытуға үш жыл ішінде бір триллион теңге займ қаражатын жұмсау ұсынылып отыр. Алдымен олардың даму моделін қайта құру керек деп санаймын.

Түтпеп келгенде, егер нақты нәтижеге жетемін деген ниет болса, бұл мәселені Түркістан облысының бұрынғы әкімі Дархан Сатыбалды сияқты қолда бар қаржымен де шешуге болады. Астанада да жақсы тәжірибе бар.

Үкімет үш айдың ішінде арнайы экономикалық аймақтарды дамытудың жаңа үлгісін бекітуі керек», — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент өзінің шетелге сапарлары және инвесторлармен кездесулері барысында қол жеткізілген келісімдердің орындалуына баса мән беру қажет екенін еске салды.

«Коммерциялық келісімдердің жалпы құны былтырдың өзінде шамамен 75 миллиард доллар болды. Жұмысты сөзбаланға салу және қол қойылған келісімдерді орындамау деген мәселе болмауға тиіс. Бұл жұмысты орындауға Президент Әкімшілігі де жауапты.

Ашығын айту керек, бізде мынадай жағымсыз үрдіс пайда болды: жоғары басшылық деңгейіндегі келіссөздердің алдында өте белсенді жұмыс жүргізіледі, ал кейін тым-тырыс болып қалады», — деді Президент.

Мекемелер арасындағы бітпейтін өзара келісу әрекетін доғару керек. Үкімет мейлінше дербес болуды сұрады, дербестік берілді, енді іс жүзінде соны дұрыс қолдануы керек. Жұмыстың нәтижесі үшін бірінші басшыларға жеке жауапкершілік жүктелді.

Мемлекет инвесторлар алдындағы міндеттемелерін толық орындауы керек. Елге сенім, іскерлік бедел осылай қалыптасарды.

Мемлекет пен жеке серіктестік — экономикаға инвестицияның келуін ынталандыратын маңызды құралдың бірі. Бірақ еліміздегі мемлекет пен жеке серіктестік әлеуеті дұрыс игерілмей отыр. Инфрақұрылымдық жобалардың көбі бұрынғыдай тікелей бюджет қаржысына тәуелді.

«Бюджеттің мүмкіндігі шектелуі. Сондықтан мұндай тәсіл көптеген инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бөгет болып отыр. Әлбетте, кез келген қаржы құралы сияқты мемлекет пен жеке серіктестіктің де өз құны бар. Алайда ол өзін-өзі ақтаса, Үкімет аталған механизмді белсенді қолданғаны

жөн. Қажет болса, заңнамаға да тиісті өзгеріс енгізуге болады.

Жедел даму жолына түскен Алатау қаласы жаңа инвестициялық кезеңнің негізгі жобасы болуға тиіс. Бұл — Smart City қағидатына сәйкес барлық салаға озық инновациялар енгізу, жасанды интеллектті мен цифрлық технологияны қолдану деген сөз. Онда капитал тарту үшін теңдесі жоқ жағдай жасалып, жаңа, батыл шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін үздік реттеу режимін қалыптастыру қажет.

Осы маңызды мәселе бойынша менің тапсырмаммен Конституциялық заң әзірленіп, Парламенттің қарауына ұсынылды. Маған Ұлттық банк пен Қаржылық мониторинг агенттігі бұған қарсылық танытқаны туралы баяндалды. Бұл Конституциялық заң қабылдауға мүмкіндік бермейді. Алайда менің төрағалығыммен өткен жиында мұндай пікір айтылмаған еді. Ойларыңызды сол кезде неге айтпадыңыздар? Егер сіздерде қандай да бір қауіп не қарсылық болса, маған қағаз жүзінде ұсыныс беріңіздер. Жұмысты алға ілгерілету үшін тиісті тапсырма беремін. Бірақ, менің ойымша, бұл шындық жанаспайтын бос әңгіме секілді. Мен жауапкершілік алудан қашпаймын, ал сіздер түрлі конференцияда ділмәрсіп, сөз сөйлеп жүре беріңіздер. Қазір қорқыныштан қалтырап отыратын емес, нақты жұмыс істейтін заман.

Бұл — еліміз үшін бірегей жоба. Сондықтан Үкімет оның басы артық бюрократиясыз,

оларға көмегімізді әлдеқайда күшейтуіміз қажет. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібіне баса назар аудару керек.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өнімнің 40 пайыздан астамы металлургияға тиесілі. Ал металлургия секторында экспортқа шығарылатын тауардың жартысынан көбі — төмен деңгейде өңделген өнімдер. Соның салдарынан, шикізатты сыртқа шығарамыз да, одан жасалған дайын өнімді басқа елдерден сатып аламыз. Парадокс. Мұндай тәжірибені доғару керек. Шикізат экспорттағаннан гөрі, одан дайын өнім өндіріп, сыртқа шығару әлдеқайда пайдалы. Өрине, бұл онай міндет емес. Бірақ үлгілі кәсіпорындар бар, мысалы, «Qatmet». Қанша қиындыққа тап болса да, ондағы өндірістік және әлеуметтік процестерде он өзгерістер орын алып жатыр.

Өңдеу саласын дамытамыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкіметтің саясаты ақылға қонымды, байыпты болуға тиіс», — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы мұнай саласындағы күрделі ахуалға да тоқталып өтті. Қазақстанда жылына шамамен 100 миллион тонна мұнай өндіріледі, бірақ елімізде соның тек 18 миллион тоннасы ғана қайта өңделеді.

«Соның салдарынан біз мұнай өндіруші ел болсақ та, жыл өткен сайын дизель отыны бойынша тапшылық пайда болып жатыр, авиациялық керосин бойынша да импортқа тәуелді болып отырмыз.

Сондықтан отынға деген сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, елімізде жұмыс істеп тұрған мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту керек. Бұл жұмысты жедел орындау қажет. Аталған қадам бір жылда өңделетін мұнай көлемін 9 миллион тоннаға арттыруға мүмкіндік береді (18,4 миллион тоннадан 27,4 миллион тоннаға дейін). Бұл — министрліктің мәліметі.

Үкімет жаңа мұнай өңдеу зауыттарын құрылысына қатысты байыпты шешім қабылдауы қажет. Бұл жобаны іске асыруға (егер жүзеге асса) жеке инвестор тарту керек болады. Бүгінде мұндай ірі жобаны тек мемлекет қаржысына салу өте тиімсіз. Жаңа мұнай өңдеу зауыттың құрылысы жөнінде әлі де ойлану қажет. Менінше, жобаның құнын мұқият есептеген абзал», — деді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз тапсырмасына сәйкес полиэтилен, буталиен, карбамид және басқа да өнімдер шығарып, осы саланы жаңа деңгейге көтеретін бірқатар жоба іске қосылғанын айтты. Үкімет бұл жобаларды уақытылы аяқтауға тиіс. Осындай мұнай-газ химиясы саласындағы ірі жобаларды іске асыру арқылы еліміздің негізгі химия өнімдеріне (полиэтилен, полипропилен) деген сұранысы өтеледі. Алайда өзімізде шығарылатын полимерді барынша өңдеу ісі жолға қойылмаған.

Мұнай-газ химиясы және басқа да негізгі салалардағы өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін ресурстар қорын толықтырту өте маңызды.

«Қазір Үкімет тікелей мемлекеттік инвестицияға үміт артып отыр. Алдағы үш жылда бюджеттен геологиялық барлау жұмыстарына 500 миллион долларға жуық қаржы бөлу жоспарланған. Бұл өткен отыз жылда жұмсалған қаражатпен тең. Бұл, әрине, дұрыс, бірақ бәрбір жеткіліксіз.

Геология саласын дамытуға жеке капитал тарту Үкіметтің аса маңызды міндеті болып қала береді. Онсыз геологиялық барлау жұмыстары әрдайым қазынадан берілетін қаржыға тәуелді бюджеттік жоба болып қалуы мүмкін», — деді Президент.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА НАРЫҚҚА ҚАЙШЫ ШЕКТЕУЛЕР БАР

Президент ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерге де тоқталды.

«Шикізатты терең өңдеу — ауыл шаруашылығына да қатысты өте өзекті мәселе. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау шаралары қордаланған мәселелерді шешу үшін емес, тек осы саладағы жалпы өнімді арттыру үшін қабилданып жатыр деуге болады. Соның салдарынан әлі күнге дейін азық-түлік импортына тәуелді болып отырмыз, баға да өсуде.

Атқарушы билік бұған тосқауыл қою үшін негізінен әкімшілік шараларға жүгінеді. Үкімет осыған дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тікелей реттеуден бас тартатыны туралы айтты. Соған қарамастан, мұндай тауарлар саны 19-дан 31-ге дейін көбейді. Үкімет бұл шешімді уақытша шара деп түсіндірді. Бірақ уақытша деп басқалған шара әдеттегідей тұрақты сипатқа ие болып кетпеуі керек.

Шешімді қабылдау алдында оның салдары қандай болатынын ешкім ойламайды. Не себепті бұлай жасалып жатқанын түсіну қиын емес. Себебі нарықты дамытқаннан гөрі оған шектеу қою — әлдеқайда онай. Мұндай әрекетті тоқтату керек.

Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп отырып, тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты жүйелі шаралар қабылдауға тиіс.

Елімізде мал шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл — айқын нәрсе. Бірақ біз осы әлеуетімізді дұрыс пайдаланбай отырмыз. Мал шаруашылығының даму стратегиясы да, қарқыны да мардымсыз, түсініксіз, кешенді жүйе жоқ. Бұл салада шешімін таппай тұрған мәселе көп. Өнімдердің басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарда және шаруа қожалықтарында өндіріледі. Еттің 60 пайызы, сүттің 80 пайызы — солардың еншісінде. Бұл жағдай өнімділікті арттыруға кедергі болып отыр.

Елімізде жем-шөп қорын даярлаудан бастап, өнімді өңдеу, жеткізу, сату үдерісі біртұтас жүйе ретінде жолға қойылмаған. Басқаша айтсақ, осының бәрін басқарудың бірыңғай жүйесі жоқ. Өкінішке қарай, 2026 жылы осындай мәселелер туралы айтуға мәжбүр болып отырмыз.

Быыл Мал шаруашылығын дамыту жоспары жасалды. Бұл құжат осы саладағы

олқылықтарды жойып, оның дамуына жол ашуға тиіс. Енді ақыры не болатынын көреміз. Мен Жолдауымда және «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда шағын шаруашылықтарды кооперацияға біріктіру қажеттігін айттым. Бұл жерде шетелдік тәжірибені үлгі ретінде алуға болады. Мысалы, Нидерландының жүйесін алсақ, онда шаруалар кооперациясының нақты әрі бірізді жүйесі бар. Соның арқасында олар құны 130 миллиард доллар болатын ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттап отыр.

Шаруаларды жаңа үлгідегі кооператив құруға ынталандыру керек. Ол үшін Үкімет батыл шаралар қабылдауға тиіс. 1 қыркүйекке дейін Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы жаңа заң дайындауы қажет», — деді Мемлекет басшысы.

Мал шаруашылығын тұрақты дамыту үшін ветеринарлық қауіпсіздік жүйесі сапалы болуға тиіс. Ашығын айтқанда, Қазақстанда бұл сала кенжелеп тұр. Еліміздегі 168 зертхананың жиырма жетісі ғана халықаралық стандартқа сай келеді. Мал дәрігерлерінің жұмысы толық бақылауға алынбаған. Соңғы үш жылда малға екпе салдық деп 30 мың жалған құжат жасалды.

Президент бұл саланы біржола тәртіпке келтіру қажет екенін айтты. Үкіметке ветеринария саласын дамытудың кешенді бағдарламасын үш айдың ішінде қабылдауды тапсырды.

«Қузырлы мекемелер биыл кейбір аймақта алдымен су тасқыны, содан соң құрғақшылық болатынын айтуға. Үкімет қазіргі өзінде нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеп қоюы керек.

Тағы да айтарым, табиғи апаттарды болжау үшін цифрлық тәсілдерді пайдаланбасақ, жұмыстың бәрі босқа кетеді. Бізде қажетті технологияның бәрін пайдалануға мүмкіндік бар. Тек соның барлығы қаншалықты жауапты әрі жүйелі түрде қолданылады деген сұрақ туады. Мәселе — сонда.

Егіс алқаптары мен инфрақұрылымды қорғауға қажетті шаралар алдын ала қабылдануы қажет. Әр жолы мәселе пайда болған кезде ғана жанталаспай, қиындық-тын алдын алған жөн. Бұрынғы қателіктерге жол бермеу керек. Көктем де келіп қалды. Үкімет әкімдіктермен бірге су тасқынына қарсы шараларды сапалы жүзеге асыруға тиіс», — деді Президент.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДА

Мемлекет басшысының пайымдауынша, цифрлық технологиялардың мүмкіндігі зор. Соның да болар, алтыншы басымдық ретінде бұл бағытқа ерекше тоқталды.

«Алтыншы. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің кеңінен қолдану кәсіпкерлікті қарқынды дамытуға зор мүмкіндік береді.

Жалпы ішкі өнімінің 40 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестицияның 70 пайызға жуығы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Бұл — кейінгі жылдары жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Шикізаттық емес сектордағы даму әлеуеті жоғары ота бизнесті қолдау шаралары дайын өнім сататын нарық ауқымын кеңейтуге ықпал етуі қажет.

Үкімет «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, шағын және орта бизнесті қолдау саясатын түбегейлі өзгерту туралы ұсыныс әзірлеуі керек. Ұсыныстар 1 сәуірге дейін енгізілуі тиіс.

Әрбір кәсіпкер смартфон арқылы тікелей қолдана алатын біртұтас цифрлық экожүйе жасалуы қажет. Қазіргі реттеу шаралары кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі туғызады, материалдық шығын келтіреді. Осы кедергілер мен шығындарды азайту үшін кезінде шағын және орта бизнес нысандарын тексеру мораторий жарияланды. Бірақ мораторий мерзімі аяқталған сәтте бәрі қайтадан бұрынғы қалпына түсті. Мысалы, 2020 жылы 70 мың тексеру жасалса, былтыр бұл көрсеткіш 92 мыңға дейін артқан. Тіпті оның 85 пайызы жоспардан тыс жүргізілген», — деді Президент.

Президенттің пайымдауынша, реттеушілік реформаның жаңа кезеңіндегі басты міндет — блокчейн мен жасанды интеллектті пайдалану арқылы цифрлық модельге толық өту.

Бұл ретте «Реттеуші сары парақтар» (Regulatory Yellow Pages) қағидаты басшылыққа алынуға тиіс. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аталған жұмысты жыл соңына дейін аяқтауы қажет.

«Енді «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлықты орындау мәселесіне арнайы тоқталымын келеді. Бұл жұмыс іс жүзінде емес, қағаз жүзінде ғана орындалып жатыр деуге болады. Қузырлы органдар құжатқа көрсетілген тапсырмаларға атүсті қарайды. Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасауды емес, құр есеп беруді ойлайды. Соның салдарынан Жарлықта айқындалған басты міндеттер толығымен орындалған жоқ.

Мысал ретінде мемлекеттік активтерді жекешелендіру үдерісін алып қарайық. Үкімет жекеменшікке өтуге тиіс 473 кәсіпорынның тізімін былтыр қазан айында бекітті. Бірақ активтерді саудаға шығармақ түглі, оны саатуға дайындық шараларының өзі әлі басталған жоқ.

«Мемлекеттік мүлік туралы» жаңа заң да қабылданбады. «Қандай кедергі пайда болды? Мемлекеттік органдар неліктен өз активтерін анықталып қалмады?» деген сұрақтар болуы мүмкін. Нақты себептер бар шығар, бірақ олар туралы бейхабармын. Шынын айтқанда, маған тиісті мағлұмат немесе ақпарат түскен жоқ.

Себебі бұл активтер мемлекет бюджеті есебінен қамтамасыз етіледі, яғни оған қазынадан қоматқы қаражат жұмсалып жатыр. Бұл жағдай жеке кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп, бәсекелестікті тежейтін ұмытпауымыз қажет.

Үкімет Жарлықты орындауға қатысты ұстанымдарды бір айдың ішінде қайта қарауға тиіс. Басты мақсат — бизнеске, шын мәнінде, қолайлы жағдай жасайтын нақты шаралар қабылдау», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫН ДАМУ — СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында жетінші басымдық ретінде көлік логистика саласын атады.

«**Жетінші.** Жаңа экономикалық үлгіге көшу барысында көлік логистикасын дамытуға жете мән беру қажет. Бұл — аса маңызды стратегиялық міндет.

Қазақстанның Еуразия құрлығындағы бірегей орнын тиімді пайдаланбасақ, бұл халқымыз кешірімейтін стратегиялық олқылық болуы мүмкін. Сондықтан бұл міндеттің мән-мағынасы ерекше.

Көлік-тасымал саласы өнеркәсіп және инвестиция саясатымен бірге біртұтас жүйе ретінде қаралуы керек. Осы кезге дейін инфрақұрылымдық рөл басым болған транзит саласы енді экономикалық сипатқа ие болады.

Қазір еліміздегі тауардың 60 пайызы теміржолмен тасымалданады. Сондықтан теміржол желілерін барынша дамыту — айрықша маңызды міндет. Бүгінде бірқатар ірі инфрақұрылым жобасының құрылысы аяқталды. Теміржол арқылы жүк тасымалдау мүмкіндігі едәуір жақсарып, теміржолдың жалпы жағдайы тұрақты. Десек те, еліміздің теміржол транзиті саласындағы әлеуетін толығымен пайдалануымыз қажет.

Биыл «Мойынты — Қызылжар», «Дарбаза — Мақтаарал» бағытындағы жаңа теміржол желілерін іске қосу керек. Сондай-ақ «Алтынкөл — Жетіген» және «Бейнеу — Маңғыстау» теміржолын жаңғырту жұмыстарын аяқтау қажет. «Бақты — Аягөз» желісін уақытылы пайдалануға беру керек. Аталған мәселелер туралы жиі айтатын болдық, енді нақты нәтижеге қуа болайық. Жұмыстың қарқынын бәсеңдетуге болмайды.

Үкімет биыл транзиттік тасымал көлемін шамамен 65 пайызға, яғни 55 миллион тоннаға дейін көбейтеміз деген ауқымды міндет қойып отыр. Ал «Қазақстан темір жолы» компаниясының басшысы өз ақпаратында бұл жоспарға күмән келтіріп отыр.

Мәселе — бізде емес, іргелес мемлекеттердің жоспарлары мен мүмкіндіктерінде. Бұл мәселені енді анықтау қажет. Осыған орай «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы қажетті шараның бәрін қабылдауға тиіс», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жүк тасымалдаушылардың бәрине ашық және бірдей қолдау көрсетілуі тиіс екенін ескертті. Ол үшін ұлттық оператордың жүк вагондарын беру жұмысын толық цифрландырып, ретке келтіру керек.

«Теміржол саласындағы тариф саясатын реформалау — кезек күттірмейтін міндет. 1 қыркүйекке дейін жаңа тариф саясатының тұжырымдамасына қатысты түпкілікті шешім қабылдануға тиіс. Тариф саясаты, бұл — аса маңызды тақырып, көлік стратегиямыздың өзегі саналатын мәселе.

Үкімет теміржолмен қатар автокөлік тасымалын дамытуға қатысты ірі жобаны да жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алуы қажет. Мен «Қарағанды — Жезқазған», «Орталық — Батыс», «Ақтөбе — Ұлғайсын» бағытындағы жолдың және Қызылорда, Сарыағаш, Рудный қалаларының сыртындағы айналма жолдың құрылысы туралы айтып отырмын.

Автокөлік тасымалын дамыту туралы айтқанда, ең алдымен, жолдың сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелер шешімін табуға тиіс. Жаңа жылға дейін жасанды интеллектті пайдалана отырып, автокөлік қозғалысын реттейтін цифрлық платформаны іске қосу керек.

Біз жүк және жолаушылар транзитін барынша тиімді ету үшін шекарадағы өткізу бекеттерін жаппай жаңғырту бастадық. Былтыр 9 бекет іске қосылды. Келесі жылдың соңына дейін тағы 33 бекет толық жаңғыртылады. Бірақ бекеттердің сапасына да қарауымыз керек.

Цифрлық тәсілдер және жасанды интеллекттің көмегімен кедендік рәсімдерді оңтайландыру керек. Бірақ бақылау да әлсіреп кетпеуге тиіс. Еліміздің және көрші мемлекеттердің ақпараттық жүйелерін өзара байланыстыру керек.

Мен Жолдауымда жүк тасымалын басқаратын Smart Cargo цифрлық платформасын, сондай-ақ кеден рәсімдерін жасайтын Keden жүйесін енгізуді тапсырдым. Қазір осы жүйелер пилоттық режимде жұмыс істеп тұр.

Барлық мекеменің ақпараттық жүйесін өзара кіріктіріп, бұл платформалардың толық іске қосылуын тездету керек. Осылайша, біртұтас интеллектуалды көлік экожүйесі қалыптасарды», — деді Президент.

Сөзінің соңында Мемлекет басшысы алдымызда ауқымды, маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті. «Біз әрдайым бір қадам алда жүрміз деген. Ойлаңып-толғанып отыратын уақыт жоқ. Батыл, тиімді шешім қабылдап, оны жедел жүзеге асыру қажет. Шынын айтқанда, бүгінгі қаралып жатқан мәселелер — белгілі, олар Жолдауымда да, Ұлттық құрылтайда да көтерілді.

Үкімет мүшелері, иә, айналамызда жүрген «сарапшылар» ел экономикасының алдында тұрған түпкілдерді шешу жолын тез арада ұсынады деп күтудің қажеті жоқ деген сияқты пайымдаулар бар екенін біз жақсы білеміз.

Біз бәсекеге қабілетті ел болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті болсақ, болашағымыз да жарқын болады. Негізгі басымдықтарымыз өзгермейді. Азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет болып қала береді.

Үкімет, орталық және жергілікті атқарушы органдар өз жауапкершілігін толық сезініп жұмыс істеуге тиіс. Үкіметтің бірінші кезектегі міндеті — батыл, күмәнсіз шешімдер қабылдау үрдісін жаңғырту.

Ел игілігі және азаматтардың мүддесі үшін еңбек ету қажет. Әрбір тапсырма уақытылы әрі сапалы орындалуы керек. Ең бастысы, елге пайдасы тиетін нақты нәтиже болуға тиіс», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

РЕФОРМА

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын — осы Конституцияны қабылдаймыз.

I БӨЛІМ

Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы — демократиялық, заңйырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы — адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы — унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі — президенттік республика.
2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын, бөлінбеуін қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айкындалады.
4. Қазақстан Республикасының елордасы — Астана қаласы. Елорда мәртебесі конституциялық заңда айкындалады.
5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.
6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) — теңге.
Тенгені эмиссиялау айрықша құқығы Қазақстан Республикасына тиесілі.
7. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әлауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.
2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

4-бап

1. Қазақстан халқы — мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі.
2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.
3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.
4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну және өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы — Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.
2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.
3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айкындалады.
4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бәл қоғамдық бірлестеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы — оларды қолданудың міндетті шарты.
5. Азаматтарға жана міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.
Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жеңілдететін болса, онда жана заң қолданылады.
6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады.
2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттін қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.
3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеу-

меттік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскери-лендірілген жасақ құруға тыйым салынады.

4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

7-бап

1. Дін мемлекеттен бөлек.
2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.

8-бап

1. Қазақстан Республикасында барлық меншік түрі танылады, оларға кепілдік беріледі және тең қорғалады.
2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет мүддесіне сай келуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген талаптар сақталып іске асырылуға тиіс, басқа тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айкындалады.
3. Жер және оның койнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында казақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады.
3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді.

10-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері — Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

II БӨЛІМ

Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер

12-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар.
Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.
2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.
3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес билікті заң көмегін алу құқығы танылады.

13-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірінғай және тең.
2. Қазақстан Республикасының азаматын өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.
3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады. Шет мемлекетте тұғанына байланысты сол мемлекеттің азаматтығын алған көмелетке толмаған балаға қатысты заңда көзделген ережелер қолданылады.

14-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.
2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

15-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.
2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айкындалады.
3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азаматтығына орай құқықтары мен міндеттері бар.
4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.
5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетіп алуға құқығы бар.

16-бап

1. Заң мен сот алдында бәрі тең.
2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап

1. Өмір сүру құқығы — әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы.
2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін килоға құқығы жоқ.
3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап

1. Әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі.
2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.
Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.
3. Әр адамға ұсталған сөтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі.
4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адам кінәлі деп танылмайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.
2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айкындалған жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.
Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етуге міндетті емес.
3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе өкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.
2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.
3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.
2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.
2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.
3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айкындалады.
4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.
5. Цензураға тыйым салынады.
6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.
2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.
2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпыадамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

26-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.
2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және өзге де соттары төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы төрағалары мен мүшелері-

нің, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлерінің, әскери қызметшілердің саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге не сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.

27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Енбекке мәжбүрлеп тартуға қылмыстық немесе өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітүсіз сыйақы алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді.
3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.
4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тіптуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үй соған мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы бар.
2. Меншікке және мұрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі.
3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлдікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға оның тең құны өтелген кезде жол беріледі.
4. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығына, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына кепілдік береді. Монополистік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

30-бап

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады.
2. Неке — ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы.
3. Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру — атананың етене құқығы әрі міндеті.
4. Көмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

31-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік беріледі, сондай-ақ жасына, науқастануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі.
2. Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, өзге де әлеуметтік қамсыздандыру нысандары, волонтерлік қызмет пен қайырымдылық қолдау табады.

32-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.
2. Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқылы.
3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей орта білім алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және негізгі орта білім міндетті.
2. Қазақстан Республикасы азаматының заңға сәйкес жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға құқығы бар.
3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
4. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс.
5. Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие.

34-бап

Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт жиналысқа құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында заңмен шектелуі мүмкін.

35-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар. Жалпыхалықтық референдум өткізу тәртібі конституциялық заңда айкындалады.
3. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп

РЕФОРМА

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға, жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ.

4. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар заңға сәйкес лауазымдық міндетінің сипатына ғана қатысты болады.

36-бап

1. Әр адам Қазақстан Республикасының Консти­туциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір­қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әр адам Қазақстан Республикасының мемлекет­тік рөміздерін құрметтеуге міндетті.

37-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары та­биғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарау­ға міндетті.

2. Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсау­лығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.

3. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

38-бап

Занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу — әр адамның борышы мен міндеті.

39-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау — оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңда белгіленген түрде және көзделген тәртіппен өткереді.

40-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұранын сақталуына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті.

41-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін. 2. Этносаралық және конфессияралық татулықты бұзуға алып келетін әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси себептермен шектеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12, 14, 16, 17, 20, 22, 25-баптарында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмеуге тиіс.

III БӨЛІМ Президент

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақ­стан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Қазақстан Республикасының Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция­ның мызғымастығының, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостан­дықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мемле­кеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

43-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасының көмелетке толған аза­маттары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бір­дей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Президенті болып сай­лана алмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс істеген Қазақстан Рес­пуб­ликасының азаматы сайлана алады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі және Қазақстан Рес­пуб­ликасы Құрылтайының жаңа құрамын сайлау мерзімімен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

4. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астам дауысын алған кандидат сайланды деп саналады. Кандидаттардың ешқайсысы елу пайыздан астам дауыс ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат қайта дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауыс санын алған кандидат сайланды деп саналады.

5. Осы баптың І-тармағының ережелері өзгермейді.

44-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Рес­пуб­ликасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Респуб­ликасы Прези­дентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», — деп халыққа ант берген сөттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру рәсімі сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Рес­пуб­лика­сы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президент­терінің, сондай-ақ қоғам өкілдері мен шақырылған шетел азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Консти­туцияның 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде ант береді.

3. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен сөттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз мін­деттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі тоқтатылады. Қызметінен кетірілгендерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

45-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, қвзимемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымында болуға құқығы жоқ.

46-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды;

2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Рес­пуб­ликасының Вице-Президентін тағайындайды; Вице-Президентті лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көз­делген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайдың бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларын консультациядан кейін Қазақстан Рес­пуб­ликасы Премьер-Министрінің кандидатурасын келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Премьер-Министрді тағайындайды; Премьер-Министрді лауазымынан босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консуль­та­циядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көз­делген жағдайларды қоспағанда, Премьер-Министрді тағайындауға келісім бeруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган­дарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкіл­діктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көз­делген жағдайларды қоспағанда, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақ­стан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Егемендігі мен тұтас­тығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы және Конституцияның 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;

12) Қазақстан Республикасының атынан келіс­сөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды; ратификациялық грамоталарға қол қояды; шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредит­телген дипломатиялық өкілдіктері басшыларының,

сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

13) мемлекеттік наградаларды, құрметті атақтарды белгілейді;

14) мемлекеттік наградалармен марапаттайды, құрметті атақтарды, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәреже­лерді, біліктілік сыныптарын береді;

15) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәсе­лесін, саяси баспана беру мәселесін шешеді;

16) кешірім беруді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумағының тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Құрылтайы Төрағасымен ресми консультациядан кейін Қазақстан Рес­пуб­ликасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақта­рында төтенше жағдай енгізуді, Қазақстан Рес­пуб­ликасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

18) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында соғыс жағдайын енгізеді, ішінара не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына дереу хабарлайды;

19) өзіне бағынатын Мемлекеттік күзет қызметін құрады;

20) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкім­шілігін құрады;

21) Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

22) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Кон­ституция мен заңдар негізінде және олардың орындалуы үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасы­ның конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оған актілердің Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Мемлекетке опасыздық жасауды қоспағанда, Президент өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстық және өкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, қызмет көрсету және күзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Рес­пуб­ликасының экс-Президенттеріне қолданылады.

49-бап

1. Қазақстан Республикасының Вице-Президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

2. Вице-Президенттің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

3. Вице-Президент Қазақстан Республикасы Пре­зидентінің тапсырмасы бойынша Құрылтаймен, Үкі­метпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік етеді, сондай-ақ Президент айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

50-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақ­стан Республикасының Конституциялық Сотына мәлімдеме беру арқылы өз еркімен орнынан түсуге құқылы. Конституциялық Сот Қазақстан Рес­пуб­ликасы Президентінің орнынан түсу туралы мәлімдемені өзі және өз еркімен бергенін растайды. Конституциялық Сот қорытынды берген сөттен бастап Қазақстан Рес­пуб­ликасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне байланысты лауазымынан босатылды деп саналады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті денсау­лығына байланысты өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілеті болмаған жағдайда мерзімінен бұрын лауазымынан босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Құрылтай депутаттардан және тиісті медицина салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім комиссияның қорытындысы негізінде және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы негізінде Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінін дауысымен қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін мемлекетке опасыздық жасағанда ғана жауапты болады және бұл үшін Құрылтай оны қызметінен кетіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу және оны тергеп-тексеру туралы бастаманы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірі көтереді. Бұл мәселе бойынша шешім Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Құрылтай тағылан айыпты тергеп-тексеруді ұйымдас­тырады және оның нәтижелері Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай оты­рысының қарауына шығарылады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім Жоғарғы Соттың айып тағудың не­гізділігі туралы қорытындысы және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы саны-

ның кемінде төрттен үшінін дауысымен қабылданады. Айып тағылған сөттен бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, бұл Қазақстан Республикасының Президентіне қарсы айыпты қабылданбады деп та­нуға алып келеді. Қазақстан Республикасының Президен­тіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың кез келген сатыда қабылданбауы осы мәселе­ні қарауға бастамашы болған Құрылтай депутаттары­ның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қыз­метінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін қарау кезеңінде ұсынылмайды.

51-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қыз­метінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Рес­пуб­ликасы Президентінің өкілеттігі Вице-Президентке өтеді; Вице-Президенттің денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Пре­зидентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Құрылтай Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Құрылтай Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Рес­пуб­ликасы Президентінің өкілеттігі Премьер-Министрге өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту тура­лы мәлімдеме береді. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдемені осы тұлғаның өзі және өз еркімен бергенін растайды және қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарай. Бұл жағдайда бес мемлекеттік лауазымдарға орналасу Кон­ституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қыз­метінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде Құрылтай Қазақстан Рес­пуб­ликасы Президентінің сайлауын өткізу туралы жария­лайды. Сайлау Құрылтай тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлғаның Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқығы жоқ.

IV БӨЛІМ Құрылтай

52-бап

1. Қазақстан Республикасының Құрылтайы — заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Рес­пуб­ликасының жоғары өкілді органы.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жаңадан шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.

3. Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көз­делген жағдайда және белгіленген тәртіппен мерзі­мінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы консти­туциялық заңда айқындалады.

53-бап

1. Құрылтай біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйе негізінде конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайлана­тын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі — бес жыл.

54-бап

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлауы жұмыс істеп тұрған Құрылтай шақырылымы­ның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Жырыма бес жасқа толған, Қазақстан Рес­пуб­ликасының азам

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Басы 5-бетте)

Құрылтай депутаты:

- 1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;
- 5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

5. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 2-тармағының талаптарын және депутаттық әдеп қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және қол сұғылмау кепілдігінен айыруға байланысты мәселелерді дайындау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

56-бап
Құрылтай:

- 1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;
- 2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдар немесе конституциялық заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінші дауысымен, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;
- 3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;
- 5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;
- 6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;
- 7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;
- 8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;
- 9) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауына Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен келісім береді;
- 10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;
- 11) Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады;
- 12) Құрылтай депутаттының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен Құрылтай депутатын қол сұғылмау кепілдігінен айыру мәселесін шешеді;
- 13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінін бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;
- 14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;
- 15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;
- 16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебін бекітпеуі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады;
- 17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінін бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Үкімет мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын орындамаған жағдайда, есепті тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасының Президентіне оны лауазымынан босату туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;
- 18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;
- 19) өз қызметінің регламентін қабылдайды және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;
- 20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;
- 21) Құрылтай комиссияларын құралаы, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;
- 22) Құрылтайға Конституциямен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

57-бап
1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кркі шақырып алынуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:
- 1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;
- 3) Құрылтай Төрағасының орынбасарларын лауазымға сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;
- 4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;
- 6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;
- 7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.
4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.
5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

58-бап
1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.
3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.
4. Сессия Құрылтай отырысында ашылады және жабылады. Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезенде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінші ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.
5. Құрылтай отырысы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.
6. Құрылтай отырысы ашық түрде өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық түрде өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

59-бап
1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалатын тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

60-бап
1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.
3. Құрылтай:
- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;
- 2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;
- 3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;
- 4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;
- 5) республикалық бюджет, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;
- 6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;
- 7) рақымшылық жасау мәселелеріне;
- 8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;
- 9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін кешекшөндіруге;
- 10) қоршаған ортаны қорғауға;
- 11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;
- 12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;
- 14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;
- 15) мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға;
- 16) Конституцияға сәйкес өзге де мәселелерге қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қадаттар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамай тастауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Үкіметтің он қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке

сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап
1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң және қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.
3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.
4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.
- Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.
5. Заңдар, Құрылтай қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.
6. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап
1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісіммен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.
3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

V БӨЛІМ Үкімет

63-бап
1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.

2. Үкімет — алқалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтай алдында жауапты.
3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.
4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап
1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.
3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап
Үкімет:

- 1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;
- 2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- 3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;
- 5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;
- 6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;
- 7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды не қолданысын тоқтата тұрады;
- 8) мемлекеттік бюджет есебін қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;
- 9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

- 1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;
- 2) Үкімет қаулысына қол қояды;
- 3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;
- 4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап
1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Премьер-Министр алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеті болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

68-бап
1. Үкімет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Премьер-Министр Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.
3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап
1. Үкімет жанадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдеме беруге құқылы.
3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдейді.
4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.
5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.
6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.
7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министр лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI БӨЛІМ Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап
1. Қазақстан Халық Кеңесі — Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.
3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап
Қазақстан Халық Кеңесі:

- 1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;
- 2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;
- 3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;
- 4) конституциялық заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

VII БӨЛІМ Конституциялық Сот

72-бап
1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты — конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады. Олардың өкілеттік мерзімі — сегіз жыл. Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.
3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.
- Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.
4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
- Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларын арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
- Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.
6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап
1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінші, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

- 1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;
- 2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;
- 3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

РЕФОРМА

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;

6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;

7) Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда — Президенттің өтінішін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттың өтінішін қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

6. Конституциялық Сот Конституцияның 50-бабының 1-тармағында және 51-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу, жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындаулы Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII БӨЛІМ

Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңда белгіленген азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандар арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алкабилердің қатысуымен өтеді.

3. Қазақстан Республикасының соттары — Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ол адамның, азаматтың, ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын мақсат етеді.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануға байланысты туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.

3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс:

- ешкімнің өзіне заңда көзделген соттылығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;
- сотта әр адамның өз сөзін тыңдауға құқығы бар;
- айыпталушы өзінің кінәсін екенін дәлелдеуге міндетті емес;

4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;

5) заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігі қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірінғай.

79-бап

Соттардың адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың келісімінсіз оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын өкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

81-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап

Жоғарғы Сот — жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

83-бап

1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсыныммен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі — алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.

4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі — алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Бас Прокурор болып тағайындалмайды.

4. Бас Прокурорды қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын өкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдас-тырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

85-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын өкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

86-бап

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдеседі. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

IX БӨЛІМ

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

87-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

88-бап

1. Жергілікті өкілді органдар — мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүддесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) заңға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ оның өкілеттігі мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

89-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті атқарушы органдарға заңмен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше астана мәслихаты, облыс аумағындағы мәслихаттар, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауысын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінші бастамасымен өкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен өкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдеріне қатысты — Қазақстан Республикасы Президентінің алдына не өзге де әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдеріне қатысты — жоғары тұрған әкімнің алдына қоюға құқылы. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің өкілеттігі жанадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті өз қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі заңда белгіленеді.

90-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша — шешім, ал әкімдер шешім мен өкім қабылдайды, бұлар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті.

2. Жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін мәслихат шешімінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес келмейтін мәслихат шешімінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған өкім жоя алады, олардың күші сот тәртібімен де жойылуы мүмкін.

91-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар арқылы және тұрғын саны шағын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтарда өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңға сәйкес мемлекеттік функциялар берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне заңда белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

X БӨЛІМ

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

92-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасы бойынша, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің бастамасы бойынша қабылдаған шешіммен өткізілетін жалпы-халықтық референдумда енгізіледі.

2. Жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, жалпыхалықтық референдум өткізілді деп саналады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы жалпыхалықтық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп саналады.

93-бап

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың Конституцияның 2-бабы 7-тармағының және 43-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы Конституциялық Сот қорытындысы болған жағдайда олар жалпыхалықтық референдумға шығарылады.

XI БӨЛІМ

Қорытынды және өтпелі ережелер

94-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді, бұған дейін қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының қолданысы сол мезгілден бастап тоқтатылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мере

БАҒДАР

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

МӘЖІЛІС ГАЗ ТҰТЫНУ ТУРАЛЫ
ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтыну мәселелері жөніндегі заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ Перумен қылмыстық-құқықтық салаға қатысты үш шартты ратификациялады.

Газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемдеп тұтыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы депутаттар бастамашы болған заң жобасын Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жанбыршин таныстырды.

— Соңғы жылдары елімізде газ тұтыну көлемі қарқынды өсіп келеді. Бұл үрдіс, бір жағынан, газдандыру саясатының нәтижесі болса, екінші жағынан тауарлық газды үнемді және жауапты пайдалану мәселесін күн тәртібіне өткір қойып отыр. Мемлекет басшысы атап өткендей, энергия ресурстарының қолжетімділігі оларды бейберекет тұтынуға негіз болмауға тиіс. Керісінше, дәл осы кезеңде энергия тиімділігі мен үнемшілдік қағидаттары мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналуы қажет, — деді депутат.

Осыған байланысты заң жобасында газ тұтыну нормаларын бекіту және бағаны белгілеуге сараланған тәсілді қолдану ұсынылып отыр. Есепке алудың дәлдігі мен ашықтығын арттыру үшін деректерді қашықтан беретін есептегіш құралдарға кезең-кезеңімен көшу және газды есепке алудың бірыңғай цифрлық жүйесін қалыптастыру жоспарланып отыр. Бұл ретте депутаттың айтуынша, есептегіш құралдарды ауыстыру газ жеткізушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар тиімсіз делдалдар мен «кос тариф» мәселесін шешу үшін бір газ тарату жүйесі арқылы тауарлық газды бір мезгілде екі және одан да көп газ тарату



ұйымының тасымалдауына тыйым салу енгізіледі. Олар магистралды газ құбырына тікелей қосылуға міндеттеледі.

Иесіз газ құбырларына қатысты мәселені жою мақсатымен түзетулер арқылы жеке инвесторлар салған газ құбырларын құрылыс шығындары өтелгеннен кейін өздері қосылған газ тарату ұйымының меншігіне беру міндеті енгізіледі.

Заң жобасында газ құю бекеттерінің қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған нормалар да қарастырылған. Жаңа автогаз құю стансаларында резервуарларды жер астына орналастыру ұсынылады, ал қолданыстағы стансаларда 2031 жылғы 1 қаңтарға дейін резервуарларды жер астына көшіру туралы өтпелі кезең белгілеу көзделген. Сондай-ақ көлік құралдары мен тұрмыстық газ баллондарын заңнамада белгіленген орындардан тыс жерде газбен толтыру-

ға тыйым салынады. Жергілікті атқарушы органдарға автогаз құю стансаларының шекті санын белгілеу құқығын беру ұсынылады.

Тиісті өзгерістер мен толықтырулар «Мемлекеттік мүлік туралы», «Газ және газбен жабдықтау туралы», «Табиғи монополиялар туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарға енгізіледі.

Депутаттар өңірлерді, елді мекендерді және әлеуметтік осал топтарды газдандыру мәселелерін көтерді. Сондай-ақ олар мемлекеттік органдар өкілдерінен газды үнемдеп тұтынуға ынталандыру шаралары, тариф саясаты, газ өндіру және бөлу процестерін цифрландыру, ресурстық базаны толықтыру үшін геологиялық барлау, сондай-ақ ішкі газ өндірісін ұлғайту жөніндегі атқарушы органдар мен QazaqGas ұлттық компаниясының нақты іс-әрекеттері туралы сұрады.

Мәжіліс депутаттары заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Оны талқылау депутат Вера Кимнің жетекшілігімен жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сонымен қатар Мәжіліс 2024 жылғы 23 қазанда Астана қаласында қол қойылған Перумен арадағы қылмыстық-құқықтық саладағы үш шартты ратификациялап, одан әрі қарау үшін Сенатқа жолдады. Құжаттарды депутаттарға Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев таныстырды.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарт көмек көрсетудің талаптары мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылардың кінәсін анықтау үшін процессуалдық әрекеттер жүргізу қарастырылған. Оған қамауда отырған адамдарды уақытша беру, тінту жүргізу,

қылмыстық жолмен алынған кірістерді тәркілеу, банк шоттарын анықтау, сараптама жүргізу және басқа да шаралар жатады.

Сотталған адамдарды беру туралы шарттың негізгі мақсаты — оларға жазасын өздері азаматтығы бар мемлекетте өтеуге мүмкіндік беру. Құжат сотталған адамның тілдік және мәдени ортаға бейімделуін қамтамасыз етуге, отбасымен және жақындарымен байланысын сақтауға, сондай-ақ әлеуметтік оналтуды жеңілдетуге құқықтық негіз жасайды. Бұл ретте беру тек сотталған адамның келісімімен жүзеге асырылады.

Ұстап беру туралы шарт тараптардың аумағында жүрген және қылмыстық қудалау немесе заңды күшіне енген сот үкімін орындау үшін іздеуде жүрген адамдарды ұстап беру жөніндегі ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Берудің негізгі шарты — Тараптардың заңнамасына сәйкес кемінде бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыруды немесе одан да ауыр жазаны көздейтін қылмыстың жасалуы.

Жұмыс тобының жетекшісі Данабек Исабектің айтуынша, аталған құжаттарды ратификациялау екі елдің құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету тиімділігін арттырады.

Сонымен қатар салалық комитеттер Қазақстан мен Сербия үкіметтері арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге, 1997 жылғы 27 ақпанда жасалған Қазақстан мен Түрікменстан үкіметтері арасындағы Жолаушылар мен жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі хаттамаға қатысты жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыста Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі қаралды. Ол осы аптада Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды.



ПАРТИЯ БАСТАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

«AMANAT» партиясының алаңында Ақмола облысының белсенді әйелдері бас қосты. Жиында жаңа Конституция жобасы, партия жанындағы Әйелдер қанатының бастамалары және алдағы жұмыс жоспары талқыланды. Сонымен қатар Парламент Мәжілісі мен партияның орталық аппаратында қатысушыларға экскурсия ұйымдастырылды.

Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы, партия жанындағы Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каримова, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Юлия Кучинская мен Наталья Дементьева, сондай-ақ облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, партия филиалдарының жетекшілері қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты — партия жанындағы Әйелдер қанатының алдағы жұмыс жоспарын біріздендіру және қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыруға бағытталған жобаларды талқылау, сонымен қатар қатысушылардың өзара тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету.

Партия жанындағы Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каримова өз сөзінде бүгінде қоғамда кеңінен талқыланып жатқан маңызды тақырыптардың бірі — жаңа Конституция жобасына қатысты пікірін білдірді. Ол өткен аптада Әйелдер қанатының отырысында бұл тақырып жан-жақты талқыланып, сарапшылар мен Конституциялық комиссия мүшелері шақырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін де атап өтті.

«AMANAT» партиясы — мемлекеттің жетекші саяси күші ретінде мемлекеттік

бастамаларды қолдайды және халыққа түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. Жаңа Конституция жобасында отбасы құндылықтарына ерекше мән берілген. Ана мен баланың әлеуметтік қорғалуы, ер мен әйелдің тең әрі ерікті одағы ретінде танылуы — әйелдің қауіпсіздігі мен қоғамдағы орнының берік болуына негіз», — деді ол.

Сонымен қатар партия Хатшысы Әйелдер қанатының қызметін жүйелеу, өңірлердегі белсенді әйелдерді қолдау және партия бастамаларын жалыққа жеткізу аса маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтті. «Бүгінгі кездесу — әйелдердің қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды бастама. Біз партия жанындағы Әйелдер қанатының қызметін жүйелі түрде дамытуды мақсат етіп отырмыз және екі жарым жыл ішінде бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылды. Басты мақсат — барлық әйелді саяси лауазымға отырғызу емес, қоғамға үлгі болатын, білімді, парасатты, заманауи әйелдер пулын қалыптастыру, отбасылық құндылықтарды нығайту және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру. Алдағы уақытта да осындай кездесулер басқа да өңір белсенділерінің қатысуымен жалғасын табады деген сенімдімін. Өйткені мұндай іс-шара

қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыруға мүмкіндік береді», — деді Шолпан Каримова.

Кездесу барысында партия жанындағы Әйелдер қанатының жобалары таныстырылды. Олардың бірі — «Томирис» саяси көшбасшылық мектебі. Оның аясында осы уақытқа дейін 170-тен астам әйел оқудан өтті. Сонымен қатар әр облыста тарихи тұлғалардың есімімен аталған жобалар іске қосылып, бүгінде 2 мыңнан астам белсенді әйелді біріктірді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Юлия Кучинская өңірлердегі партия жұмысының белсенділігін атап өтіп, Әйелдер қанатының басты міндеті — әрбір әйелдің өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік жасау екенін айтты. Ол партия өкілдерінің халықпен тығыз байланыста болып, реформалардың мәнін түсіндіруде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Жиында әйелдердің өкілді органдардағы квота мәселесі де талқыланды. Зандқа көрсетілген 30 пайыздық квота (әйелдер, жастарға және мүгедектігі бар адамдарға арналған) — минималды көрсеткіш, одан жоғары болуына еш кедергі жоқ екені атап өтілді. Әйелдердің сайлануы тек заңға емес, олардың белсенділігіне, өзара қолдауына және қоғамдағы көзқарастың өзгеруіне байланысты екені айтылды.

Кездесу қорытындысында қатысушылар өңірлердегі жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, партия жобаларын тиімді іске асыру бойынша ұсыныстарын айтты. Мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасын табады.

60 ОТБАСЫ
БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Алматы облысы Іле ауданында «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында әрқайсысы 72 пәтерден тұратын екі жаңа көппәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Өтеген батыр ауылында орналасқан бұл тұрғын үйлер әлеуметтік жағдайы осал санаттағы азаматтарды баспанамен қамтамасыз етуге арналды.



Пәтер кілтін табыстау салтанатына Іле ауданының әкімі Қайыржан Жаксымбетов, «AMANAT» партиясы Іле аудандық филиалының төрағасы Алмасбек Сәтібаев, сондай-ақ жаңа қоныс иелері қатысты.

Аудан әкімі азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіндегі негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтіп, бұл бағытта ауданда жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

«Бүгінде Іле ауданында 5 мыңнан астам адам тұрғын үй кезегінде тұр. Олардың қатарында көпбалалы отбасылар, әлеуметтік жағдайы осал санаттағы азаматтар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ бюджет саласының қызметкерлері бар. Біз бұл мәселені кезең-кезеңімен шешіп келеміз. Былтыр әлеуметтік жағдайы осал санаттағы азаматтарға арналған 269 үй мен пәтер сатып алынды. Ал биыл Өтеген батыр ауылында жаңа үйлерден 144 пәтер беру, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы осал азаматтар үшін қосымша 36 пәтер сатып алу жоспарлануда», — деді Іле ауданының әкімі Қайыржан Жаксымбетов.

Бағдарлама аясында тұрғын үй бөлу кезінде әлеуметтік жағдайы осал топтарға басымдық берілді. Жаңа баспана жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы және

толық емес отбасыларға, мүгедектігі бар адамдарға, бюджет саласының қызметкерлері мен ардагерлерге табысталды.

«AMANAT» партиясы Іле аудандық филиалының төрағасы Алмасбек Сәтібаев аталған жобаның әлеуметтік маңызына тоқталды.

«Баспана — әр отбасы үшін ең негізгі қажеттілік. Бүгін біз жылдар бойы кезекте тұрған 60 азаматтың қуанышына куә болып отырмыз. «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында тұрғын үй мәселесін шешу нақты әрі басым міндет ретінде айқындалды. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады», — деді ол.

Жаңа қоныс иелерінің бірі Сәрсенгүл Әбдікәрімқызы бұл өз отбасы үшін ерекше күн екенін атап өтті.

«Мен көпбалалы ана ретінде тұрғын үй кезегінде 15 жыл тұрдым. Осы уақыт аралығында кезегімді сабырмен күттім, бүгін өз пәтеріме қол жеткіздім. Бес балам бар, сондықтан бізге үш бөлмелі пәтер берілді. Үй сапасы көңілімізден шықты. Бұл — отбасымыз үшін үлкен қуаныш», — деді ол.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында былтыр Алматы облысында 28 тұрғын үй салынды. Нәтижесінде, 1 522 пәтер пайдалануға берілді.

ТЫНЫС

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

СЫН МЕН СЕРПІН

Үкіметтің саладағы қордаланған проблемаларды үйлестіруші тұтас орган құруы бекер емес. Былтыр Мемлекет басшысы азаматтардың көптеген арыз-шағымынан соң Алакөл айналасындағы, сондай-ақ жалпы туристік дестинациялардағы инфрақұрылымның мүшкіл халін, сервистің сылбырлығын және қарапайым қауіпсіздік ережелерінің сақталмауын қатаң сынға алған еді. Бұл сын жай ғана ескерту емес, тұтас саланың «диагнозы» іспетті болды. Содан бері не өзгерді?

Жарты жыл ішінде сең қозғалғандай. Үкіметтің соңғы дерегіне сүйенсек, біріншіден, Жетісу облысындағыдай, бірқатар өңірде туризм саласына маманданып, тұрақты жұмыс істейтін жедел штабтар құрылды. Екіншіден, Алакөлге жақын маңдағы елді мекендерде су бұру және жағалауды бекіту ісі қолға алынды. Үшіншіден, ШҚО-да танымал туристік аймақтарда коммуналдық қызметтердің жұмысы жолға қойылды.

Жалпы, бұл саладағы Қазақстанның жетістігі де жаман емес. Әрине, республика туризмде әлемнің көшбасшы елдерінің қатарына қосылды деу әлі ерте. Алайда ілгерілеу барын жоққа шығаруға болмайды. Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық индексында Қазақстан 119 елдің ішінен 52-орынға көтерілді (бұрын 66-орында болатын). Министрлік алдына қойылған мақсат — үздік 50 елдің қатарына кіру.

Елдің туризм саласында негізгі көрсеткіштер бойынша өсім байқалады. Бірақ бұл тұрғыда қайшылық та аңғарылды. Мысалы, қаңтар соңындағы Үкімет отырысында Премьер-министр келесі көрсеткішті жария етті: «2025 жылдың қорытындысы бойынша туристер саны 12%-ға өсіп, 10 миллион адамнан асты». Алайда соның алдында өткен Туризм және спорт министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде басқа сандар жарияланған еді: «2025 жылдың 9 айында ішкі туристер саны 6,7 млн адамға жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 741,3 мыңға өсті. Елге келген шетелдік туристер саны 15,7 миллион адамға жетіп, орналастыру орындарының табысы 268 млрд теңгені құрады! Туризмге инвестиция көлемі 1,254 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 32%-ға өсті», — деді туризм вице-министрі Серік Жарасбаев.

Жалпы, елге келген туристерге қатысты жылда әртүрлі ақпарат айтылып, бұл сарапшылардың ренішін туғызып жүр. Соған қарағанда салада қосып жазу жоқ еместей. Демек, ведомство «статистика

сапырылысын» бір ретке келтіргені абзал. Әзірге Үкімет басшысының мәлімдегені беделді естіледі. Бұған қоса, Ұлттық статистика бюросының мәліметі осыған ұқсас: «Қазақстанда 2025 жылы орналастыру орындарында жалпы саны 10,1 млн турист тоқтады, бұл 2024 жылғыдан 10,8% көп. Қонақүйлер мен отельдердің негізгі клиенттері — өзіміздің отандастар. Олардың саны 8,6 млн адамға жетіп, 9,9%-ға өсті. Ал шетелдік қонақтардың саны былтыр шамамен 1,5 млн адамды құрап, 15,8%-ға артты», — делінген ресми статистикада.

САЛАНЫҢ ТАЛМАУ ТҰСЫ — ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Туристердің тасқыны шынымен де 15,7 миллионға жетер еді, бірақ сала әлі де проблемадан бас көтере алар емес. Мұны туристік аймақтарда жүргізілген кешенді тексерулер паш етіпті. «Тексеру қорытындылары бұл салада сол бұрынғыдай ішінара емес, жүйелі мәселелердің барын анықтады. Нақтыласам, көптеген нысанда интернет сапасы нашар. Жұмыстар әлі жоспарланып жатыр немесе қарқыны өте баяу», — деді Премьер-министр Олжас Бектенов.

Ол отандық және шетелдік ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды бұзу фактілері жиі көтерілетінін тілге тиек етті. Көптеген кәсіпкер қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды құжаттарды керек қылмайды. Мәселен, Қарағанды облысында 149 көпшілік демалыс орнының 80-і ғана

санитариялық-эпидемиологиялық қызметтердің қорытындысын алған. 28 жағайдың тек 3-еуіне тиісті ұйғарым берілген.

Бұдан басқа, көпшілікке танымал және шалғайда орналасқан туристік дестинацияларға көлікпен жету мәселесі мен жол бойындағы сервиске қатысты көңілтолмастық жиі естіледі екен. Кей жерде энергия қуаты жетіспейді. Шетелдік туристер былтыр бейбіт күнде кейбір қазақстандық турбазада, қонақүйде жарықсыз отырғанына шағымданған. Бұл — мемлекеттің беделіне түсер дақ.

Тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық бекеттерді, құқық қорғау органдарын, құтқару қызметтерін ұйымдастыру ісі барлық жерде бірдей шешімін таппай келеді. Туристік нысандарға жақын дәмханалар мен дүкендерде бағалар сол күйі қымбат. Жол бойындағы сервисің жоқтығы, энергия қуатының тапшылығы, жедел дәрігерлік көмектің қолжетімсіз болуы, дүкен-дәмханалардағы негізсіз қымбатшылық — туристің тауын шағып,

Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkystan» газетіне сұхбатында туризмді дамытуға екі есе көп күш салуды тапсырды. Президент пайымынша, табиғаттың тартуын табысқа айналдыру, инфрақұрылымды кешенді дамыту – жергілікті әкімдіктердің де тікелей жауапкершілігінде. Алда наурыз, жаңа туристік маусымның бастауы. Ел дайын ба? Қазақстан көшбасшысының тапсырмаларын жүзеге асыру үшін Үкімет туризм саласындағы түйткілді мәселелерді шешетін жедел үйлестіру кеңесін құрды. Бұл салаға соны серпін бере ала ма?

талғамын тоздырып, байламын былғайтын кедергілер.

— Шашылып жатқан қоқыстарға, демалыс орындарына апаратын жолдар мен көлік тұрақтарының жоқтығына қатысты туристер тарапынан түсіп жатқан шағым көп. Осындай мәселелерді шешу үшін барлық әкімдіктің, «Атамекен» палатасының, әр өңірден туризм саласындағы ірі кәсіпкерлердің, сондай-ақ тиісті сарапшылардың қатысуымен жедел үйлестіру кеңесі құрылды. Оған вице-премьер Аида Балаева басшылық етеді, — деп хабарлады Олжас Бектенов.

Үйлестіру кеңесі Мемлекет басшысының барлық тапсырмасы мен ескертуін ескере отырып, бір ай ішінде Туризмді дамыту тұжырымдамасына іс-қимыл жоспарын жаңартуға тиіс. Мұның сыртында жазғы туристік маусым басталғанға дейін министрлік пен әкімдіктер демалушыларға қолайлы жағдай қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шара қабылдауға міндеттелді. Сонымен бірге жауапты министрліктер алдына келесі міндеттер қойылды: біріншіден, шетелдік турист саяхаттайтын елді тандамас бұрын ашық дереккөздердегі ақпаратты, интернет пен әлеуметтік желілерді шолып шығады. Соңғы 4 жылда шетелдік туристерді тарту құралдары жаңартылмаған.

Ескірген ақпарат пайдаланылып келеді, мәдени, этнографиялық және басқа материалдар қамтылмайды. Мысалы, Астанадағы Ailand аквапаркі дәріптеледі, ол былтыр жабылып қалды. Осыған байланысты Туризм, Мәдениет министрліктеріне Kazakh Tourism компаниясы



ТУРИСТ КЕЛДІ ДЕГЕНШЕ, ТАБЫС КЕЛДІ ДЕСЕҢШІ

және әкімдіктермен бірге 1 ай мерзімде Қазақстандағы барлық мәдени, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды ескере отырып, 2026 жылға арналған егжей-тегжейлі жұмыс жоспарын әзірлеу тапсырылды.

Екіншіден, отандық кәсіпкерлер ұлттық парктер және басқа ерекше қорғалатын орындар аумағына кіре алмайды. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің сақталуын қамтамасыз етіп, туристік инфрақұрылымды орнықты дамыту, қызмет сапасын арттыру үшін шетелдік тәжірибе негізінде кәсіпкерлердің ұлттық парктер мен қорықтарға кіру тетіктері зерделенеді. Экология министрлігі «Атамекен» палатасымен бірлесіп, тиісті заңнамалық түзетулерді әзірлеуге тиіс.

Үшіншіден, бизнес өкілдері инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде су айлындарының жағалауындағы қорғау аймақтарына қойылған шектеулерге немесе кіруге тыйым салынуына байланысты қиындықтарға тап болады. Мәселен, аквапарк құрылысына қажетті инфрақұрылым жүргізуге рұқсат етілмейді. Бұл мәселеде барлық тарапқа қолайлы шешім ізделмек, заңнамалық түзетулер әзірленбек.

БАСЫМ БАҒЫТТАР БАҒДАРЫ

Қазір қонақ құту — жай дәстүр емес, ауқымды табысы, үлкен қаржы айналымы бар әлеуетті сала. Жауапты ведомствоның мәліметінше, бүгінде туристік секторда 328 инвестжоба белсенді іске асырылып

олардың саны тек 1 мыңға, яғни 28,6%-ға ғана артты.

Айтпақшы, 2026 жылғы қаңтар айында шетелдік туристер Қазақстанға сапары кезіндегі шығындарын 13,5%-ға арттырған. Олар енді тек тұру мен тамақтануға ғана емес, сауда-саттыққа, мәдени іс-шараларға қаржысын аяған жоқ. Туризм тек көрікті жерлерді тамашалаумен шектелмей, экономиканы «жандандыратын» драйверге айналып келеді.

Президенттің оған ерекше мән беруінің мәнісі де осында. Саланың дамуы көлік пен тасымал, тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтандыру, сауда, кәдесый өндірісі, экскурсиялық және өзге қызмет түрлеріне мультипликативті табыс әкеледі. Ұлттық статистика бюросы ақпаратынша, былтырғы жылдың үш тоқсанында қонақүйлер мен хостелдер 268 млрд теңге табыс тапты. Бұл 2024 жылдан 19,5%-ға көп.

Осы көлемнің үштен біріне жуығы Алматының еншісінде — 82,4 млрд теңге. Жалпы соманың тағы 20,5%-ы немесе 55 млрд теңгесі Астанаға тиесілі. Үздік үштікке Щучинск-Бурабай курорттық аймағы орналасқан Ақмола облысы да кірді: 26,3 млрд теңге. Табиғат бар жерде турист бар, турист бар жерде — табыс бар деген сөз!

ҮШ ТІРЕК: ТАУ, ОРМАН, ТЕҢІЗ

Мемлекет басшысы туризм саласын дамытуда басымдыққа ие аймақтарды белгіледі, бұлар — Алматы тау кластері, Щучинск — Бурабай курорттық аймағы және Маңғыстау туристік аймағы. Олардың

«Медеу — Шымбұлақ» тау ауылы салынып, 30-ға жуық жаңа қонақүй мен глэмпинг бой көтереді. Болжам бойынша 2029 жылы бұл туристік інжу-маржанға келетін туристер саны 1,7 млн адамға жетуі мүмкін. Әлемдік тәжірибе бойынша тауда шаңғы тебетін бір турист жағайда жататын туристке қарағанда 7 есе көп ақша жұмсайды.

Щучье — Бурабай курортты өңірін дамытудың кешенді жоспары Щучье мен Бурабай көлдерінің жүктемесін Қатаркөл (Қотыркөл), Кіші және Үлкен Шабакты, Жөкей көлдеріне көшіру арқылы теңгерімге келтіруге бағытталған. Былтыр Бурабай кентінде «Променад» аймағы, 10 шақырым веложол салынды. 8 жаңа шолу алаңы, 4 автотұрақ пайдалануға берілді. Экскурсиялық тікұшақ туры іске қосылды. Щучье көліндегі қоғамдық жағажай абаттандырылды. Қосымша 15 дәретхана орнатылды. 2029 жыл соңына қарай туристер саны 94 мың адамға дейін өсіп, туризмде жұмыспен қамтылғандар 32,5 мың адамға жетеді деп күтіледі.


Келесі басымдыққа ие дестинация — Маңғыстау туристік аймағы. «Жылы жағажай» және «Кендірлі» курорттық аймақтарын дамыту, Бозжыра, Тамшалы каньоны және сол сияқты ерекше табиғи объектілердің қолжетімді болуын қамтамасыз ету жоспарланған. Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, абаттандырылған жаяу жүргіншілер жолы, шолу алаңдары, визит-орталықтар тұрғызылады.

— Туристік өнімді жақсарту арқылы туристердің аймақта қалу уақыты 7-10 күнге дейін ұзаралы деген ойдамыз. Демек, келушілерден түсетін кіріс те айтарлықтай көбейеді. 2029 жылға қарай қонақүй инфрақұрылымын кеңейтуге және туристердің санын тағы 150 мыңға көбейтуге болады. Қазақстанға турист тарту бойынша жаңа Маркетингтік стратегияны жүзеге асыру мәселесі басты назарымызда. Жалпы, 2029 жылға қарай ішкі туристер 11 млн адамға дейін, туризм саласында жұмыс істейтіндер саны 800 мың адамға дейін көбеюге тиіс, — деді министр.

Алакөл — табиғаты керемет, бірақ мәселесі көп аймақ. Өкінішке қарай, табиғатына көз тоймайтын бұл өңірде туризмнің дамуына кедергі келтірген инфрақұрылымдық және коммуналдық мәселелер әлі де аз емес. Жағалауды бекіту проблемалары, электр қуатындағы үзілістер, көптеген туристік базада орталық кәріз бен су жүйесінің жоқтығы — мұның бәрі шетелдік туристерді кенінен тартуға мүмкіндік бермей отыр деп жазды gank-ing агенттігі. Сондықтан биыл бұл туристік аймақты дамытуға арналған мемлекеттік қаржыландыру екі еседен астам ұлғайтады: бюджеттен 2,4 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. Оған өңір абадтан-дырылады, құтқару стансасы салынады, жол жөнделеді.

Атап өтер жайт, 2019 жылы туризм саласындағы қызмет көлемі 120 млрд теңге болса, былтыр бұл көрсеткіш 300 млрд теңгеге жуықтады. 2,5 еселік өсім — саланың әлеуетін көрсетеді. Қазақстан туризмінде мүмкіндік мол, міндет те көп. Туризм — елдің айнасы. Қонаққа көрсеткен құрмет — экономикаға инвестиция. Енді сол инвестицияның қайтарым-қызығына халық қарық болатын уақыт алыстай бермегені жөн.

Айхан ШӘРІП



АГРОСЕКТОР

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫНДАҒЫ АУҚЫМДЫ ІС

Қазақстан ауыл шаруашылығы саласының дамуына барынша серпін бере бастады. Әсіресе, бидай, күріш, арпа сияқты астық дақылдары, ет-сүт бағытында өнімдер көптеп шығарылып жатыр. Отандық өнімнің бәсі ішкі нарықта да еселеніп, алыс-жақын шетелдерге экспортталып тұр.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы таяуда Пәкістанға мемлекеттік сапармен барғанында «Әлемнің 70-тен аса еліне ауыл шаруашылығы өнімдерінің 200-ден астам түрін экспорттаймыз. Соңғы он жылда ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы ішкі көлемі 2,5 еседен аса көбейді. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті екі есе арттыруға ниеттіміз» деген еді. Яғни, мемлекеттің алға қойған межесі — ауылшаруашылық өнімдерін ұлғайтып, секторға басымдық беру. Агроөнеркәсіпті дамытудың жайы Жолдауда да нақты айқындалған-тұғын.

Үкімет дерегінен, 2023 жылғы агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспорты 5,3 млрд долларға жеткен. Жалпы экспорттағы өңделген өнімнің үлесі 43 пайыз болған. 2024 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдері экспорты 5,1 млрд долларды құраса, агроөнеркәсіп экспортының жалпы көлемі 8,1 млн тонна болған. 2025 жылғы астық экспортының көлемі 13,4 млн тоннадан асып, ол 5,9 пайызға өсіп, ал экспорттан түсіетін түсім 4,7 миллиард долларды құраған. Демек, жыл сайын ауылшаруашылық өнімдерінің экспортына сұраныс көбейіп, аграрлық салаға қажеттілік ұлғайды. Осы жылдар ішіндегі негізгі экспортталатын тауарлар қатарында бидай, арпа, зығыр тұқымы, сиыр және қой еті, мұздатылған балық, бидай ұны, құнбағыс майы, газдалған су, мақта талшығы және басқа да өнімдер бар. Қазақстан Қытай, Ресей, Орталық Азия, Таяу Шығыс және ТМД мемлекеттеріне ауыл шаруашылығына тиесілі бидай, күріш, ет-сүт өнімдерін тұрақты түрде экспорттайды. Жеткізу географиясы жылдан-жылға кеңейіп, Иран, Әзербайжан және Қырғызстанға жөнелтілімдер жанартылып, Мысыр, Марокко және Вьетнам нарықтары ашылған. Қазір Бельгия, Польша, Норвегия, Ұлыбритания және Португалия нарықтарына шығу жұмыстары жүргізілуде, сондай-ақ Парсы шығанағы елдерімен ынтымақтастық нығайтылуда екен.

А АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ ӨСТІ

Біздің ел астық өндірісін дамытуды жолға қойды. Былтыр 27,1 млн тонна астық өндіріп, үлкен көрсеткішке қол жетті. Үкімет мәліметінше, біз 70-тен астам елге ауылшаруашылық өнімдерін жеткіземіз, олар әлем бойынша жетекші орынға ие. Мысалы, үн экспорты бойынша әлемде 2-ші, құнбағыс майы бойынша 8-ші, дәнді-дақылдар бойынша 10-орында тұрмыз. Фермерлер қауымдастығы төрағасының орынбасары Әкпар Мәуленов ауыл шаруашылығы өндірісінің экспорты жылдан-жылға қарқын алып келе жатқанын

жақсылыққа балайды. Бірақ ол өнім сатуға ешқандай кедергі жасамау керек деп біледі. — Былтырғы жылы 19 млн-нан астам бидай, 525 мың тоннадан астам күріш өндірілді. Бұл өндірілген астықтар өзімізге жеткілікті, сыртқа да сатып жатырмыз. Мысалы, бидайды шетелге шығаруға экспорттық субсидия беріледі. Алайда су тапшылығына байланысты күріш алқабы азайса, өнім азайып, баға көтерілуі ықтимал. Бәлкім, балама кәсіп табу керек болар. Астықтан өндірілетін ұн, макарон өнімдерінің экспортына ешқандай шектеу жоқ. Агроэкспортты Орталық Азияға, Ресейге, Қытайға және алыс-жақын шетелге пұлдауға жол ашық. Осы тақылеттес, сәбізді сыртқа сатуға шектеу қоймақшы болды, алайда кейін реттелді. Өзімізге 450 мың тоннадай сәбіз толық жетеді. Оны 2-3 айлап қоймада сақтау қиын. Мұның алдында қырыққабатқа, пиязға, картопқа шектеу қою өзінің тиімсіздігін көрсетті. Нарық заманында агроөнеркәсіпке шектеу беріп қажет емес, — деп байыптайды ҚФК өкілі.

Е ЕТ-СҮТ БАҒЫТЫ ДАМУТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Ет-сүт өнімдері де ел экспортының басты салаларына айналып тұр. «Олжа» шаруа қожалығының басшысы Болат Бөкетов шауашылықтарға берілетін субсидияның азайғаны, шаруаға тұсау деп ойлайды. Оның пайымдауынша, мемлекет тарапынан арзан несиелеу мен кепілдеме мәселесі шешілсе, кооперативтерге бірігу заннамасын реттелсе, ауылшаруашылық өнімдерін шетелге де экспорттап, ішкі нарықта да түгел қамтуға мүмкіндік болатын көрінеді.

— Мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуды мықтап қолға алды. Соның ішінде ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдерге демеу күшейді. Біздер мал шаруашылығымен шұғылданамыз. Сондықтан да бірнеше түйткілді қозғап өтейін. Бізде мал сойып, сүт өнімдерін өткізетін қара базар, сауда орталықтарынан басқа орын жоқ. Бұрын кооператив құру ісі басталып еді, өзара сенімнің болмай, тексерістің көбейіп, алған несиеcін өтей алмай жабылды. Сондай-ақ қазір онтүстікте пресс-шөптің құны 1 800-2 000 боп тұр. Бидай, күріштен жасалатын жем қолжетімсіз. Еттің бағасы өз-өзін ақтаймай тұр. Дегенмен мемлекет квотасы арқылы Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай сияқты елдерге ет-сүт өнімдерін өткізіп жатқан шаруашылықтар бар. Бірақ шамалап айтқанда, 5-10 ірі қарамен бастаған кәсіпкерлерге алдымен өзіміздің нарықты бағындыру қажет. Аталған істер орындалуы үшін кооперативтер қайта ашылып, субсидия азайса да, жеңілдетілген несие мен «Даму» қоры арқылы кепілдеме шешілсе, ауылшаруашылық



Елорда АҚЖ (қолдану)

өнімдерін экспорттау артар еді, — дейді шаруа қожалық басшысы.

Ауыл шаруашылығы департаменті директоры Бағлан Аймұрзаев мал шаруашылығы саласында он бастама жүзеге асып, ет-сүт бағытында ілімді істер жасалып жатқанын айтқан болатын. Әр өңірдің бейіміне қарай шаруа жасалып, кепілдеме мәселесі он шешімін тауыпты.

— Жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіруде «Ауыл аманаты» бағдарламасы жұмыс істеп тұр. Егер кооперативтер құрып, кәсіп ашатын болса, 30 млн теңгеге дейін жеңілдетілген несие беріледі. Енді кепілдемені фермер «Даму» қоры арқылы 85 пайызына кепілдендіре алады. Осының арқасында жеке қосалқы шаруашылықтардан өнімді жинай отырып, кейін сатуына да болады. Негізі, Еуропа елдері, АҚШ солай дағдыланған. Мал шаруашылығын әр өңірдің бейіміне қарай бағу өте үлкен пайда береді. Түркістан облысындағы түйе сүтін өңдейтін Golden Camel зауыт жұмыс істеп тұр. Басты нарығы — Қытай елі. Дәл осындай үлкен сүт зауытын салуды Маңғыстау облысында салуды жоспарлап отырмыз. Ол үшін 2,5 пайызбен беріліп, түйе сүтінен ұнтақ әзірлеп өнім өндіретін болады. Ақтөбе облысында жүн өңдейтін KazFeelTex деген зауыт құрылысы желтоқсанда тәмамдалады. Бұл өндіріс жүннен құрылысқа қажетті материалдар да шығармақ. Ынтылаңдыру мақсатында жүннің келісіне 200 теңге субсидия беруді қарастырдық. Жүнді халықтан жинау үшін сервистік дайындау орталықтары түзіліп, оларды жеңілдетілген несиемен қолдаймыз. Алматыда Түркияның Iskefe Holding компаниясы тері өңдеу зауытын салғалы жатыр. Бұйырса, 2027 жылы теріні өңдеп, желатин өндіріледі. Осылайша, дамыған елдердегідей мал шаруашылығын дамытып, өңдеу техноло-

гиясына көшіп, ел қазынасы толығына түседі, — дейді департамент басшысы.

Е ЕЛ ҚАЗЫНАСЫН ТОЛЫҚТЫРАДЫ

Агроэкспортының артуы экономикалық тұрғыдан көп пайда түсіретіні анық. Үкімет мәліметінше, қазір агроэкономиканы дамытудың 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірлену үстінде. Құжат ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден бастап оны терең өңдеуге, сақтауға, логистикаға және экспортқа шығуға дейінгі толыққанды қосылған құн тізбегін құруға бағытталған. Негізгі басымдықтарға өңдеу өнеркәсібін дамыту, агроөнеркәсіптік кластерлер мен агроабтар қалыптастыру, сондай-ақ өндіріс пен өткізу нарықтары арасындағы байланыстарды нығайту жатады. Үкімет Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын мақұлдапты. Аталған жоспар негізінде мал басын арттыруға ғана емес, өнімділікті ұлғайтуға, сондай-ақ саланың экспорттық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге мүмкіндік беретін сапалы өңдеуді жақсартуға бағытылған.

Бұл бастамаларды қаржы сарапшысы Бексұлтан Ысқаков та қоспайды. Белгілі экономистің сараптауынша, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортының әлеуеті бұдан да зор, сол себепті де осы көрсеткіштерімен тоқтап қалуға есте болмайды екен. Ол азық-түлік өнімдерін өңдейтін өндіріс орындарын, сатуға ыңғайлы локацияларға жақындастырып салсақ, өз тиімділігін беріп, уақыт үнемдеуге септеседі деген сенімде.

— Агроөнеркәсіп саласында экспорт көлемі мен табыс айтарлықтай өскен. Экспорттың өсуі соңғы 5 жылда шамамен 51%-ға артып, ал ауыл шаруашылығы өнімдері 66 елге жеткізілетін болды. Өңделген өнімдердің үлесі экспортта 52%-ға дейін жетті. Бұл сала жұмыс орындарын қамтамасыз етеді, әсіресе ауыл аймақтарына көделі.

Жергілікті кәсіпкерлер мен шағын фермерлердің кірісін ұлғайтады. Тауар айналымын теңестіріп, импортқа тәуелділікті төмендетеді. Экономиканы шикізат экспортына мұнай, газ, көмір, уранға тым тәуелді етпей, экономиканың әртараптануына септеседі. Тек бидай, күрішті тонналап сатқанша, өңдеп ұн, макарон сияқты азық-түлік өндірісін қолдау керек. Сондай-ақ ет-сүт бағытында ұлттық өнімдер құрт, май, сүзбе, айран шығаратын цехтар, зауыттар, фабрикалардың әр өңірден ашу керек. Сонда сол өңірмен шектесетін шет мемлекеттерге сатуға оңайырақ болады, көп табыс табамыз. Ауыл шаруашылығын дамыту — Қазақстан үшін экономикалық тиімді инвестиция. Экспорттық табыс, елдің ЖІӨ нығайтады, жұмыс күшінің ауылдан қалаларға көшуін тежейді. Өңірлік даму теңсіздігін азайтады, — дейді қаржыгер Бексұлтан Ысқаков.

Дүниежүзінде аграрлық экспорттан қыруар пайда тауып, әлемге үлгі болып отырған держалар бар. Мәселен, брокерлік деректер бойынша, АҚШ былтыр 190-200 млрд доллар табыс тапса, Бразилия 78 млрд, Аустралия 75 млрд доллар табыс тапқан. Бұл агродер-жавалар әлдеқашан өзінің аграр саласын дамытуды жүйелеп, жолға қойып алған. Біздің де мақсат — агроөнеркәсіпті дамыту.

Токетері, елде агроэкономиканы дамытудың 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірленуде. «Е-АӨК» жобасын толыққанды іске асыру 2028 жылға дейін жеткізіледі. Биыл 70-тен астам елге ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттамақпыз. Демек, Қазақстан аграрлы индустриялы елдер қатарына еніп, әлемде өз орнымызды ойып алатын, ішкі-сыртқы нарықты астықпен, ет-сүт өнімдерімен қамтуға қауқарлы бола бастады. Елдің аузы ақа, қамбамыз астыққа, өрісіміз малға, үй іші мейірілі жандарға толса, бұл игіліктер бақытқа бастар жолмен тең.

КИІК ЕТІ КЕҢ НАРЫҚҚА ЖОЛ ТАРТТЫ



Батыс Қазақстан облысында шамамен 4 млн-ға жуық киік бар. Даланың ерке елігі кейінгі жылдары тіпті көбейіп кетті. Оның салдарын шаруалар тартқанын білеміз, себебі киік шөпті отап тастайды. Айналып келгенде малға азық таппаған шақтар бар. Ақбөкендер бұрын таза дала тағысы еді. Қолға ұстатпайтын, адам жақындай алмайтын. Табиғат өзгерді ме, адам өзгерді ме, осы тұз тағысы соңғы жылдары ауылдарға кіріп, ел аралап жүретінді шығарды. Кәдімгі қой-ешкімен бірге құдықтан су ішкенін талай көрдік. Мұның себебін мамандар киікке далада су жоқтығымен, жайылымның аздығымен түсіндіреді.

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Қалай болғанда да, киік санының тым көбеюі шаруаға да, ауыл адамдарына да аса жайлы болмай тұр. Былтыр Үкімет қаулысымен киік санын реттеу мақсатында киіктерді аулауға рұқсат берілді. Осы рұқсатнама негізінде БҚО-да 460 мың киік аулануға тиіс еді. Бірақ облыс тек 108 мың киік аулаған. «Киікті аулаудың аулайды, оның етін қайтесің?» деген еді сол кезде экологтар. Шыны керек, киік етін өндіріске енгізу мәселесі ұзақ талқыланды, ұзақ сараланды. Көпшілік кеңесе келе, киік етінен консерві жасауға болады деген шешім шығарылды. БҚО-да қазір осы идея жүзеге асып, киік еті нарыққа шығарыла бастады. Мамандар киік етін 120 градус ыстықта залалсыздандырып, қалбырға салып, су мен буда бір

сағат ұстап, бұқтырылған киік етін дайындап жатыр. Қазір Оралдағы дүкен сөрелерінен бұқтырылған киік етін көруге болады.

Кезінде ақбөкендер санының азаюына байланысты аулауға болмайды деп заңды қатаңдатып, тыйым салған болатын. Сол тыйымның арқасында киік саны өсті. Өскені сонша, қазір далада малдан киік көп. Бұл әлбетте шаруалар үшін біраз қолайсыздық туғызып отыр.

Былтыр киік санын реттеу мақсатында БҚО-да 108 мың киік ауланды. Мамандар күндізгі және түнгі ауысымда қызмет атқарды. Ал ауланған киіктердің етін өңдеу үшін 15 ет комбинатымен келісімшарт жасалған. 15 ет комбинатының 14-і батыс-қазақстандық, біреуі атыраулық комбинат. Киіктерді аулау шілде айының бірінен бастап қарашаның 30-на дейін жүрді. Ауланған киіктердің еті жаз-күз айларында жергілікті

базарларда сатылды. Киік етінің келісі сол кезде 1500-1600-ден саудаланды. Жалпы, киік БҚО онтүстік аудандары — Жәнібек, Қазталов, Жаңақала аудандарында мекендейді. Тиісінше, осы жақтың адамдары үшін киік еті тансық ас емес.

Е ЕТ ӨНДІРІСІНЕ КОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Былтыр ағыл-тегіл ауланған киік етін қайда жібереміз деген сұрақ атқарушы билікті тығырыққа тірегені рас. Сол кезде жергілікті ірі ет комбинаты «Кублей» ЖШС мен «Охотзоопром» мекемесі арасында келісімшарт жасакталды. Келісімшартқа сәйкес, «Охотзоопром» ауланған киіктердің ұшасын «Кублейге» жеткізіп тұрады. Осылайша, ет комбинаты жаз бойына жиналған киік етін қосқанда шамамен 27 мыңға жуық киік ұшасын жинаған. Енді соларды өңдеп, нарыққа шығарып жатыр.

Ал ғалымдар болса киік еті дәруменге бай, диеталық тағам түрі деп отыр.

— Ауылшаруашылық жануарларына қарағанда киік етінде Д5 витамині бес есе жоғары. Сосын майы аз. Майын пайызға салып көрсек, 9-12%-ға дейін жетеді. Ал ақуыз 22%-ға дейін. Сондықтан да киік етін диеталық жағынан қарағанда зат алмасу процесіне өте жағымды болады, — дейді ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Қайсар Қошалиев.

Жалпы, жазда киік аулау процесі кезінде де ғалымдар киік етін өте мұқият залалсыздандыру керекін айтқан болатын. Қыр кезген киіктерді заныс аулап, одан өз бетінше тағам дайындау дұрыс емес. Себебі дала жануарлары немен қоректеніп жүргенін ешкім білмейді. Сондай-ақ олардың бойында қандай да бір ауру бар-жоғына көз жеткізбей, етін жеуге болмайтынын алға тартқандар көп.

Ал консерві жасап отырған «Кублей» ет комбинатының бас технологиясы киік еті бұл жерде өте жоғары залалсыздандырудан өтетінін, барлық санитарлық талап сақталатынын атап өтті.

— Бұл жерде киік еті 120 градуста залалсыздандырылады. Одан кейін бу мен суда өңделеді. Біз барлық санитарлық норманы сақтап отырмыз. Жалпы, киік еті жеңіл диеталық тағам түріне жатады. Оны жас босанған әйелге де жеуге болады, — дейді

«Кублей» ЖШС-ның бас технологиясы Гүл-жазира Кенжеғалиева.

Жергілікті ет өңдеу комбинаты тәулігіне 16 мың дана қалбырдағы киік етін дайындайды. Жазға салым бұл көрсеткішті миллионға жеткізбек. Елімізде бұқтырылған киік етін дайындаудың ұлттық стандарты 2023 жылдың қарашасында қабылданған. Алайда содан бері киік етін ірі көлемде өңдегендер жоқтың қасы. Оралдық зауыт осы олқылықтың орнын толтыруды көздеп отыр.

— «Охотзоопроммен» келісімшартқа отырып, былтыр күзде киік ұшасын қабылдадық. Өндірістік үлгісі тоқтаусыз жүруі үшін әуелі қажетті мөлшерде шикізатты жинап алғмыз келді. Қазір бұқтырылған киік етін сатулы бастадық. Бір қалбырдың салмағы — 330 грамм. Алғаш шығып жатқандықтан, жана өнімді нарық пен халықтың қалай қабылдайтыны біз үшін аса маңызды, — дейді ет өңдеу зауыты директорының орынбасары Зәуре Берекешова.

ҒАЛЫМДАР НЕ ДЕЙДІ?

Киік етінің пайдалы қасиетін ғалымдар да растайды. Жергілікті университетте былтыр киік етінен шұжық жасап көрді. Бөкендер еркін жайылып, шөпті тандап жейді. Сондықтан олардың еті де құнарлы дейді мамандар.

Былтыр жазда Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдары киік етінен шұжық дайындады. Аталмыш университеттің жанында тағам қауіпсіздігі ғылыми-зерттеу зертханасы жұмыс істейді, ғалымдар шұжық дайындамас бұрын киік етін өблен зертханалық тексерістен өткізіп барып, кіркененін айтады.

Жалпы, БҚАТУ жанында киіктерге арналған соң ғана шұжық өнімі ретінде пайдалануға көштік. Сүйектен сыпырылған киік етін етартқыштан өткізіп, дәмдеуіштер қосамыз. Қоспа құрамында ас тұзы, бұрыш, сарымсақ және осы секілді стандартты дәмдеуіштер бар. Кейін пеште +70 градуста

екі немесе үш сағат ысталады. Ет толық піскен соң суытылып, қаптауға дайын болады. Осы күнге дейін екі бас киік сойылып, оның етінен шұжық дайындалды. Алдағы уақытта киіктің жүрегін, бауыр-бүйрегін пайдаға асыруға арналған зерттеу жұмыстарын өткіземіз. Өздеріңіз білесіздер, халал емес шұжық өнімдеріне көп жағдайда шошканың еті мен майын қосып жатады. Десе де, шошқаның майын үйрек және қаз еті алмастыра алады. Құс етінде адам ағзасына пайдалы дәрумендер бар. Киік етінен жасалған шұжық еті — мұсылман дінін ұстанатын азаматтар үшін өте пайдалы ортақ таңдаулы өнім болатын деуге тұрарлық, — дейді Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жанында тағам қауіпсіздігі ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі Аян Оразов.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі Айдана Орынбасарқызының айтуынша, негізінен шұжықты көбіне сиыр етінен әзірлейді. Киіктің еті қоймалжың, сөлі көбірек келеді екен. Зерттеу жұмысы барысында киік еті мен сиыр етін салыстырап көрген. Сиыр мен киіктің етін бөлек ыдыстарға салып, оларға бірдей мөлшерде ас тұзын қосып, араластырғанда киіктің етіндегі тұздың дәмі басым болып шығыпты.

Қазақ ғалымдары кейінгі жылдары киік етін көп зерттеді. Зерттеу нәтижелері киік етінің толыққанды ақуызға бай екенін көрсетеді. Май құрамына келсек, бұл ет — орташа майлылықтағы өнім санатына жатады. Еттің майлы қышқылдық құрамы да адам ағзасына қолайлы, әсіресе денсаулыққа пайдалы қанықпаған май қышқылдары басым дейді ғалымдар.

Киік етін қалай мақтаса да, өндіріске енуі кешеуілдегені рас. БҚО-да әуірімізде киік етін өндіруді қолға алды. Бір қызығы, БҚО-ға 460 мың киік аулануы тиіс деп нұсқама берілген. Бірақ мамандар тек 108 мың киік аулап отыр. Себебін сұрасақ, бар үлгеріміз осы деген қысқа ғана жауап алдық. Бұл болып ауланған киік еті өңделіп жатқан. Алда тағы көктем келеді. Киік тағы төлейді. Шаруалардың реніші тағы басталады. Келер жылы қанша киік ұстатып, қанша ұша ет өңделетіні белгісіз әзірге. Қазір Оралдағы дүкен сөрелерінде бұқтырылған киік еті 1300-1500-ден сатылып жатыр. Алда киік етін экспортқа шағыру жоспары тұр. Ал әзірге тек Оралдың өзінде саудаланып жатыр.

АЙМАҚ

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖАМБЫЛДА ЖЕЛ ТҰРСА, ШАТЫРДЫ КӨКТЕН ІЗДЕ

«Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» дейтін дана қазақ. Ал қазір жел тұрса, тұрғын үй шатырларын көктен іздейтін күнге жеттік. Әсіресе, кейінгі жылдары Жамбыл облысы Сарысу мен Талас аудандарында тұрған желдің салдарынан көпқабатты үйлердің шатырлары ұшып, әлеуметтік нысандарды қиратқаннан бөлек, тұрақта тұрған көліктерді де басып калуда. Күні кеше Сарысу ауданында соққан дауыл да елді мекенде төтенше жағдай жариялатып, шенділерді аяғынан тік тұрғызды. Сонда жылда жел тұрса, шатырлар көкке ұшатындай не жағдай туды? Құрылыс сапасыз ба, әлде бұған басқа да себептер бар ма?



Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

6 ақпан күні Сарысу ауданы Жанатас қаласында тұрған желдің екпінін жергілікті билік 32 м/с-қа дейін жетті деп мәлімдеді. Нәтижесінде, 1-шағынаудандағы №32, 33, 34, 35 тұрғын үйлердің, 3-шағынаудандағы №6 үйдін, 4-шағынаудандағы №15 және №15 «а» тұрғын үйлердің шатырлары ұшып кеткен. Сонымен қатар Бейбітшілік көшесінде орналасқан Ту тұғыры құлап, аудан аумағында электр жарығы сөніп қалған. Оқиғаға байланысты аудан әкімдігінде жедел штаб құрылып, зерделеу жұмыстары қолға алынған. Алнашқы күні осындай ресми ақпарат берілгеннен кейін ертесіне Жанатас қаласына облыс әкімі Ербол Қарашөкеев жетті. Аймақ басшысының барғаны сол екен, желдің салдарынан 3 көпқабатты үйдін шатыры толықтай, 7 үйдін шатыры жартылай ұшқаны белгілі болды. Со-

нымен қатар 7 кәсіпкерлік нысанның шатыры бүлініп, 2 шақырымдай жердің электр сымы үзілігені анықталды. Жағдайға қаныққан Ербол Шырақпайұлы қайта қалпына келтіру жұмыстарын дереу қолға алуды жауаптыларға тапсырды. Әрине, жағдай бақылауда болғаны дұрыс. Алайда бұл Жанатас қаласында бірінші рет болып отырған жағдай емес. Бұған дейін де Жанатас, Қаратау қалаларында тұрған желден талай көпқабатты үйдін шатыры көкке ұшқан. Ал бұдан шенділер сабақ шығармады ма? Желдің салдарынан келген шығынды өтеуге жылда қаржы қайдан табыла бермек? Қазына қаржысы желге ұшты деген осы емес пе? Бағамдап қарасак, желге шыдас бермеген тұрғын үйдін барлығының шатыры жанадан жабылған. Яғни, тозығы жетіп, желге төтеп бере алмады дейтіндей кеңестік кезеңнен келе жатқан шатырлар емес. Керісінше, бұрынғы шатырлар баз қалпында тұр. Сонда жана шатырларды қойған мердігерлер құрылысты сапасыз

жүргізгені ме? Онда бұл нысандарды құрылыс саласына жауапты адамдар қалай қабылдап алды? Олар олқылықтарды көре тұра, «бармақ басты, көз қыстыға» жол бергені ме? Бұл сауалдарға, әрине әкімдіктегілер жауап бермесі анық. Сондықтан бұл сұрақпен құрылыс саласының ардагері Мұрат Садықұлына кайырылдык.

— Жанатас қаласында болған төтенше жағдайға байланысты екі байлам айтуға болады. Біріншісі — табиғи салдар. Жанатас қаласы Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Мұнда «Қаратау желі» деп аталатын жойқын жел тұрады. Желдің екпіні кейде секундына 35-40 метрге дейін жетеді. Мұндай күшті дауылға кез келген құрылыстың төтеп беруі қиын. Екінші жағынан келсек, шатырлардың ұшуына техникалық себептер сеп болуы мүмкін. Яғни, монтаждау кезінде қателіктерге жол беру. Шатырды жабу кезінде болттар мен шегелерді аз қолданып немесе олардың стандартқа сай келмеуі құрылыс сапасын төмендетеді. Ален өрескел қателік жобалау кезінде кетеді. Кейбір үйлердің шатыры желдің бағыты мен күшіне есептелмей, стандартқа сәйкес жобаланбай жатады. Егер шатыр тым биік болса, ол желкен сияқты желді ұстап, көтеріліп кетеді. Дәл сондай егер шатырдың астында сәл саңылау болса, одан жел кіріп іштен қысым тудырады. Нәтижесінде, ішкі және сыртқы қысым шатырды жоғары қарай көтеріп, ұшырып әкетеді, — дейді құрыс саласының ардагері.

Сала ардагері осылайша тұрғын үй шатырларының ұшуын құрылыс тілінде түсіндіріп берді. Ал Кеңес үкіметі кезінде талай құрылыс нысанында бригадир болған Жұмабек Оразов бар мәселе құрылыс сапасыздығында екенін ашып айтуда. — Ашығын айту керек, қазір қай құрылыс болмасын сапасыз атқарылатынын әркімнің іші біліп отыр. Бұрнағы кезі «ПМК» атты құрылыс бригадасы бола-



тын. Оларға қойылатын талап күшті болғаннан кейін құрылыс та сапалы жүргізілетін. Кешегі Жанатас қаласындағы дауылдың екпіні күшті болғаны рас. Алайда Кеңес үкіметі тұсында тұрғызылған нысандар баз қалпында қалып, кейінгі салынған үйлердің шатырлары ұшып жатыр. Неге? Өйткені ол үйлердің шатырлары қанылтыр шиферлармен жабылған. Құрылыстың барлығы тендерге байланып қалғаннан кейін жемімпаз мердігерлер арзан әрі онай жабылатын қанылтыр жабындыларды алады. Тендердің «шапқасы» бар, басқасы бар, содан қалған қаржыдан пайда көру үшін мердігер қанылтыр жабындының да ең жұқасын тандайды. Енді мұндай қанылтырға шеге қакқаннан кейін ойылған түс жел тұрса кеңейіп, одан кейін шатыр ұшпағанда қайтсын?! Бұрындары үйлердің үстіне салмағы 10-15 келі болатын асбест шиферлар жабылатын. Мәселен, 500 шаршы метр алаңға кемінде 5-6 тонна салмақты шифер төселетін. Оны анау-мынау жел көтеріп алып кете алмайтын. Дауыл боранның өзіне төтеп беретін. Ал қазір 500 шаршы мерт алаңға қойылып жатқан қанылтыр шифердің салмағы небәрі 50-

60 келіні құрайды. Бұны енді боран былай тұрсын, аса күшті емес желдің өзі ұшырып әкететіні анық қой, — дейді ол. Құрылысшының сөзінше, салада «карниз» деген термин бар. Ол — шатыр мен ғимараттың қабырғалары киюласқан жеріндегі тесіктерге бітеп қағылатын тоспа. Ал сол тоспаны кейінгі салынып жатқан құрылыс нысандарынан көріп жүрсізер ме? Міне, осы тоспа болмағаннан кейін жел шатырдың ішіне кіріп, жұқа қанылтыр жабындыны көкке ұшырып әкетеді. Шатырлардың көкке ұшып жатуының тағы бір себебі — осы. Бір сөзбен айтқанда, құрылыс сапалы болсын десек, қадағаны күшейту керек. Құрылысты тендер сынды талан-таражға салмай, кезіндегі «ПМК» сияқты бір ғана мекемеге берген жөн. Сонда жең ұшынан жалғасқан жемқорлық та болмайды, құрылыс та дер кезінде сапалы аяқталады, — дейді ардагер құрылысшы. Иә, сала ардагерлерінің сөзі орынсыз дей алмассың. Жылда желге қыруар ақшаны ұшырғанша, тендерге қатысты мәселені тереңірек зерделейтін кез келген сияқты. Әйтпесе, жылда екі есі шығынға батып, бармақ тістеп отыратынымыз айдан анық.

ДӘРІГЕРСІЗ ЕМ, МҰҒАЛІМСІЗ МЕКТЕП

Білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы сияқты әлеуметтік салалардағы жағдай қашанда тым өткір. Ресми баяндамаларда жалақы өсіп жатыр, жаңа мектептер мен емханалар ашылып, мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен әлеуметтің әлеуетін арттыратын шаруалар шетінен шешіліп жатқаны баяндалады. Бұл – жақсы үрдіс, десек те маман тапшылығы әлі де бары жасырын емес. Түйткілді мәселе Ақмола өңірінде де жылдар бойы қордаланған күйде тұр.



Елар КАБА (солдау)

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Өңір еліміздің дәл жүрегінде орналасқан, елорданың тап іргесінен қоныс тепкен, стратегиялық маңызы аса зор. Бірақ аймақтың басым бөлігі дәрігерсіз, мұғалімсіз, инженерсіз, кәсіби мамансыз қалып барады. Бұл — бір жылдың, бір бағдарламаның, бір министрдің мәселесі емес. Таяуда Үкімет басшысының орынбасары Аида Балаеваның төрағалығымен облыс орталығында өткен алқалы жиында құзырлы сала министрлері аймақтағы талайdan бері қордаланып, халықтың ашы жанайқайына айналған мәселелерді шетінен жіпке тізді. Оның ішінде әсіресе адами капитал, яғни білікті кадр тапшылығының түйіні тарқатылмаған. Статистикаға сенсек, Ақмола облысындағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2024 жылы 74,2 жасты құраған. Бұл республикалық орташа көрсеткіштен 1,24 жылға төмен. Сандық есеппен алсақ, бұл айырмашылық тым аз болып та көрінуі мүмкін. Денсаулық сақтау министрі Акмарал Әлназарованың өткен жылдың қорытындысы жайлы баяндамасында аймақтағы жағдайдың шынайы бейнесін айқара ашып берді. Министрдің дерегіне жүгінсек, жалпы өлім көрсеткіші аздап төмендегенімен, өңір үшін шешуші саналатын себептер бойынша жағдай аса қатты ушығып отыр. Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім бір жарым еседен астам өссе, қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші 14 пайызға артқан. Инфаркт, онкология, инсульттың алдын алуға, ерте анықтауға болатын аурулар бола тұра, Ақмола облысында олар адам өлімінің басты себебіне айналып тұр. Бұл — медицинаның әлсіздігі емес, медицинаны ұстап тұрған кадрлардың жетіспеуі. Облыста медициналық кадр тапшылығы 650-ден астам штат бірлігіне жеткен. Оның ішінде 220-ға жуық дәрігер, 430-дан астам орта буын медицина қызметкері жоқ. Ең сорақысы, тапшы мамандықтар — дәл

адам өміріне тікелей жауап беретін салалар болып тұр. Терапевттер, акушер-гинекологтар, анестезиолог-реаниматологтар, хирургтар, сондай-ақ кардиологтар жетіспейді. Сондықтан да бір дәрігер бірнеше адамның жұмысын қатар атқаруға мәжбүр. Бір маман тәулік бойы кезекшілік пен есептің арасында жүреді. Мұндай жағдайда сапалы медицина туралы айту іс жүзінде өз-өзінді алдау екені айтпаса да түсінікті. Былтыр өңірде ана өлімі 4,5 есеге дейін өскен. Төрт бірдей жүкті әйел сәбиінің інгәлаған тәтті дауысын естіместен ауруханада қайтыс болды. Бұл — жай ғана көрсеткіш емес, бұл — төрт бірдей отбасының трагедиясы, төрт баланың анасыз қалуы, төрт тағдырдың мерзімінен бұрын үзілуі десек, артық айтпаспыз. Министрлік баяндамасында бұл өлімнің басым бөлігі басқарылатын, алдын алуға болатын себептерден болғаны ашық айтылды. Яғни, мәселе кездейсоқтықта емес, медициналық комектің дұрыс ұйымдастырылмауында, соның ішінде кадр тапшылығы мен жауапкершіліктің әлсіздігінде екені айқын көрінген. Шынында да, әлеуметтік желіде желдей ескен халықтың медициналық қызметке сенімі төмендеп барады. Оған дәлел, өңірде денсаулық сақтау ұйымдарына түскен шағым саны бір жылда 33 пайызға артқан. Шағымның басым бөлігі негізді деп танылған. Басты себеп кадр тапшылығы, кезек, немқұрайдылық, этиканың бұзылуы болып отыр. Ақмола облысында медициналық қызмет сапасына қанағаттану деңгейі 40 пайыздан сәл ғана асқан. Бұл әрбір екінші адам жүйеге сенбейтінін айғақтай түседі. Өкінішке қарай, дәл осындай көрініс білім саласында да қайталанып отыр. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова өңірдегі білім беру саласында жылдар бойы қордаланып, бірақ мойындалмай тон болып қатқан мәселелерді жіпке тізді. Министрдің дерегіне, Ақмола облысында жүздеген мұғалім жетіспейтін болып шықты. Әсіресе, математика,

физика, химия, информатика, тіл пәндері бойынша тапшылық айқын сезіледі. Мындаған педагогтің санаты жоқ, «педагог-шебер» атағы бар мұғалімдер саусақпен санарлық халге жеткен. Тіпті, олардың өзі зейнет жасына жақындаған. Мұғалімдердің жартысына жуығы кәсіби білімді бағалау тестінен өте алмаған. Бұл — кадр тапшылығы ғана емес, кадр сапасының жүйелі құлдырауы екені сөзсіз. Ақмола облысы шағын жинақты мектептер саны бойынша республикада көш басына шыққан. Сынып комплектілері толмағандықтан, жүздеген мектепте сыныптар біріктіріліп оқытылады. мұғалімдер өз мамандығына қатысы жоқ пәндерден сабақ беруге мәжбүр. Мұнымен қоса, интернет әлсіз, цифрлық мүмкіндік шектеулі. Мындаған орын бос тұр, ал сол бос қабырға мен бос партаны күтіп-ұстауға бюджеттің миллиондаған қаржысы шығындалып отыр. Бұл білім жүйесіндегі тиімсіздіктің нақты көрінісі екені айдан анық. Мектепке дейінгі білім беру саласында да жағдай мәз емес. Жүздеген тәрбиеші жетіспейді, жекеменшік балабақшаларда білікті кадр үлесі тым төмен деңгейге жеткен. Колледждерде, әсіресе аграрлық бағытта, заманауи техника мен нақты өндірістік база жоқ. Яғни, алтын бесік ауылды дамытамыз деп мемлекет қазынасынан миллиардтар бөлінгенімен, іс жүзінде сол ауылдарды аман сақтауға мүмкіндік беретін ең басты қажеттіліктің бірі білікті маманды даярлай алмай отырмыз. Саланың серпілмеуіне себеп болып тұрған бүгінгі басты қателік — кадр мәселесін тек көтермәсік мен біржолғы төлем арқылы шешуге тырысу сияқты. Пеш жағатын үй, интернетсіз ауыл, мұғалім жұмысындағы қағазбастылық, түн ортасына дейін созылатын жұмыс, WhatsApp арқылы үздіксіз бақылау — мұндай жағдайда ешбір жас маман ұзақ тұрақтамайтыны айдан анық. Бұл жерде мәселе жалақыда ғана емес, еңбек жағдайында, кәсіби қадір-қасиетте, өмір сүру сапасында болса керек.

Шымкент қаласындағы Бадам өзені тағы да экологиялық дағдарыстың ошағына айналды. Кейінгі күндері өзен бойынан балықтың жаппай қырылғаны туралы видеолар әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, қоғамның алаңдаушылығын тудырды. Кадрлардан өзен жағалауы өлі балыққа толып, судың тіршілік атаулыға қауіп төндіріп тұрғаны анық байқалады.

БАДАМ ӨЗЕНІНДЕГІ «БАЛЫҚ ҚЫРҒЫНЫ»

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Жергілікті тұрғындар түсірген бейнематериалдардан кейін экобелсенділер дабыл қакты. Солардың бірі Шымкент қаласының экобелсендісі Сергей Ефремов Бадам өзенінің жағалауында бұрын-сонды болмаған сұмдық көрініске куә болғанын айтады. Оның сөзінше, жер бетіне толығымен өлі балық шығып, өзен экожүйесінің күрт бұзылғаны анық байқалған. «Мұнда балық жайдан-жай қырылып жатқан жоқ. Суда қандай да бір улы зат болуы мүмкін. Флора мен фаунаға химиялық заттардың тигенін жокқа шығаруға болмайды. Адамдар балықты қап-қаппен жинап жүрді. Мұндай балықты тұтыну адам денсаулығы үшін өте қауіпті. Менің ойымша, бұл бүкіл экожүйеге ауыр соққы болды», — деп дабыл қакты белсенді. Алдын ала жүргізілген зертханалық талдаулар өзен суының құрамында күкірт



тиесілі? Қазір екі нысан күдікке ілінген. Оның біреуі мемлекеттік құрылым болса, екіншісі жекеменшік кәсіпорын. Тергеу нәтижесінде кінәлі тарап аныкталса, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылдатыны хабарланды.

Балық өлекселерінен де сынамалар алынып, Шымкент қаласының аумақтық ветеринариялық инспекциясына және Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне жолданды. Алдын ала мәлімет бойынша, қырылған балықтардың арасында 2-5 жастағы қарабалықтар, торта, тибет талма балығы мен өзен абботиналары бар екені анықталған. Бұл өзендегі биоалуантүрліліктің едәуір зардап шеккенін көрсетеді. Қазір мамандар табиғатқа келтірілген залалды есептеу үшін өлі балық шабақтарын жинау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жиналған деректердің негізінде экологиялық шығын көлемі анықталып, құқық бұзушы тарапқа қатысты нақты шешім қабылданбақ.

Бұл жолы экоактивистер мен жергілікті тұрғындар мәселенің тек сарқынды сулармен шектелмейтінін айтқызып отыр. Өзен жағалауының қойқыса толуы, бақылаусыз өндірістік қалдықтар мен экологиялық мәдениеттің төмендігі — Бадам өзенінің болашағына төнген үлкен қауіп. Бадам тек бір өзен емес, ол қала экожүйесінің бір бөлігі, мыңдаған тіршілік иесінің мекені. Бүгінгі жағдай табиғатқа салыңрт қараудың салдары қандай ауыр болатынын көрсететін ашы сабақ. Егер кәсіби шешімдер қабылданып, жауапкершілік күшейтілмесе, мұндай экологиялық апаттар қайталана беруі әбден мүмкін.

СПОРТ STYLE

12 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

Ауылдық жерде спортпен айналысу – өз алдына бір төзім мен табандылықты талап ететіні рас. Жол жоқ, стадион жоқ, ауа райы құбылмалы. Бірақ соның бәріне қарамай, өз еңбегімен нәтижеге жетіп жүрген жандар да бар. Солардың бірі – Атырау облысы Исатай ауданы Жанбай ауылының тумасы, жеңіл атлетика бойынша бірнеше мәрте жүлдегер атанған Жұлдыз Заманғалиева. Біз онымен спортқа келу тарихы, ауылдағы жағдай, жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы әңгімелестік.

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЖЕЛДІ АЯҚ: «Ерінсең — ештеңеге жетпейсің»

— Жұлдыз ханым, өзіңізді таныстыра кетсеңіз.
— Мен 1988 жылы Исатай ауданының Жанбай ауылында дүниеге келдім. Қарапайым отбасында өстім. Бала күнім далада жалаңаяқ жүгіріп, ауыл өмірінің қызу тіршілігін көріп өтті. Теңіздің самалы, жусан иісі, кең жазира — бәрі менің мінезіме төзімділік пен қарапайымдық дарытты.
— Жүгіруге деген қызығушылық қашан басталды?
— Мектепте жақсы жүгіретінмін. Жарыстарға қатысатын едім. Бірақ мектепті бітірген соң спорттан алыстадым. Жас кезде денсаулыққа онша мән бермейсің ғой. Кейін тұрмыс құрдым, бала-шаға, үй тірлігі... Уақыт өте келе денем қозғалыссыз қалуға болмайтынын түсіндім.
2016 жылы қайтадан жүгіре бастадым, бірақ тұрақты емес. Ал соңғы екі жыл — тұрақты еңбектің нағыз кезеңі. Осы уақыт ішінде өзімді қайта таныдым.

АЛҒАШҚЫ МАРАФОН САБАҒЫ
— Есте қалған алғашқы марафон туралы айтып өтсеңіз.
— 2017 жылы қыс мезгілінде 10 шақырымға жүгірдім. Ауылдан жалғыз өзім бардым. Не дұрыс киім, не дайындық жоқ. «Қатысып көрейін» деген ой ғана болды. Соның өзінде нәтиже күтіп, жүлде ала алмағанымға ренжіп қайттым. Қазір күлемін, бірақ сол сәт маған мықты сабақ берді, яғни дайындықсыз нәтиже болмайды.
— Жаттығатын орындар жеткілікті ме?
— Ауылда жүгіруге арналған арнайы орын жоқ. Мектеп стадионы бар, бірақ қараусыз. Жол тегіс емес, шұңқыр, тастақ. Жаңбырдан кейін балшық батпақ. Қыста — қар, боран. Кейде тіпті трактор өткен ізбен жүгіремін. Бірақ ауылдағы адам қиындықтан қашпайды. Соның бәрі маған күш берді.
— Қазір қалай жаттығасыз?
— Бір жылдан бері кәсіби тренермен жұмыс істеймін. Ол қалада, мен ауылда болғандықтан, тапсырманы онлайн түрде береді. Аптасына 6 күн, 2-3 сағаттан жаттығамын. Ауа райына қарамаймын — бұл жерде жеңілдік жоқ.
Спорт адамын қалыптастыратын үш нәрсе бар: тәртіп, еңбек, тұрақтылық.
— Бастапқыда ауыл тұрғындары қалай қабылдады?
— Басында түсінбеді. «Қайда бара жатырсың жүгіріп?», «Ерігіп жүрсін бе?» дейтіндер болды. Көлікпен өтіп бара жатқан адамдар таңырқап, ұзақ қарап қалатын. Қазір оған ешкім мән бермейді. Кейбірі тіпті үлгі тұтып, кеңес сұрап келеді.



— Жастардың қызығушылығы қандай?
— Бар. Тек тұрақтылық жетіспейді. Бір күні жүгірсе, ертеңіне «уақытым жоқ» дейді. Ауылда жарыстар аз, мотивация да аз. Дегенмен үлкен ұлымды кәсіби түрде дайындап, жарыстарға қатыстырып жүрмін. Балаларға арналған топ ашу — алдағы мақсатымның бірі.
— Жаттығу тәртібіңіз қандай?
— Аптасына 6 рет, 2-3 сағаттық жаттығулар. Қосымша күштік жаттығуларым да бар. Тамақтануға мән беремін. Кешкі 6-дан кейін тамақ ішпеуге тырысамын. Ұйқы — басты фактор. Ұйқы дұрыс болмаса, жаттығудың да сапасы түседі.
— Спорттағы ең қиын кезеңдер туралы не айтасыз?
— Бір кезде қатты диета ұстап, әлсіреп қалғаным бар. Сол қиын болды. Таңертең оянып, «кім мені қинап жатыр?» деген ой келеді. Бірақ дәл сондай сәтте өзіме былай сөз беремін: «Егер бүгін тастасам — бәрі бекер»

МЕНІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚАРСЫЛАСЫМ — ӨЗІМ
— Спорт — ең үлкен тәуекел, жаракат алған сәттер болды ма?
— Жоқ, Аллаға шүкір. Дұрыс техника, дұрыс жылыну жаракаттың алдын алады. Барлық мәселе — спортшының техникасында.
— Ең мақтан тұтатын жетістігіңіз?
— Жазда Қазақстан чемпионатында 3-орын алуым. Қыста барып, соңғы орынмен қайтқанмын. Бар болғаны жарты жылда сонша нәтиже көрсету өзіме деген құрметімді арттырды. Бұл — еңбектің жеңісі.
— Ең үлкен қолдаушыңыз кім?
— Әрине, өзім. Жакындарым қолдайды, бірақ күнде маған мотивация беретін — өзім. «Сенің қолыңнан бәрі келеді. Берілме. Үнсіз еңбек ет» деп өзімді жігерлендіремін. Адам сыртқы мақтаудан бұрын өзін-өзі мақтай білуі керек.
— Алда қандай мақсаттар тұр?
— Ақпан айындағы Қазақстан чемпионатына дайындалып жатырмын. 100, 200, 400 метрге шығамын. Екінші бағытым — ауыл балаларына арналған жеңіл атлетика мектебін құру. Ауылдан да чемпиондар шығуы керек.
— Жастарға қандай кеңес бересіз?
— Уақытты босқа өткізбеу керек. «Ертең» деп жүре берсең, нәтиже болмайды. Спорт болсын, өмір болсын — еңбектенген адам ғана алға шығады. Дұрыс орта таңдаңдар. Ерте бастасаң, ерте жетесің.
— Есте қалған бір қызық жағдаймен бөліссеніз.
— Ақтау марафонында 3 шақырымға жүгірмек едім. Бірақ жарыс күні қатты ауырып қалдым. «Жүгірмеймін» деп шештім. Тренерім: «Жай жүрсең де болады, тек финишке жет», — делі. Старт берілді, тоқтай алмадым. Қуып жетіп, абсолют бойынша 1-орын алып қойдым (күліп). Сол кезде түсінгенім, егер өзімді аяп, үйде отырсам, бұл жеңіс болмас еді.

— Ауылдастарыңызды спортқа тарту бойынша қандай бастамалар бар?
— Қазір әйелдерге арналған шағын клуб аштым. Онда буын жаттығулары — стретчинг өткіземін. Бұл — спортқа алғашқы қадам. Аналар қозғалысқа үйренсе, балалар да соған бейімделеді. Алдағы уақытта топты кеңейтіп, жеңіл атлетиканы да жүйелі түрде оқытқым келеді.

Уақытты босқа өткізбеу керек. «Ертең» деп жүре берсең, нәтиже болмайды. Спорт болсын, өмір болсын — еңбектенген адам ғана алға шығады.



ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ

Миланда қысқы Олимпиада ойындары басталғалы бері 3 күн өтті. Әзірге спортшыларымыздың нәтижелері көңіл көншітпейді. Қалған үміт артар өрендеріміздің асығы алшысынан түссе екен дейміз.

Ақ олимпиаданың 3-күні әйелдер арасындағы спринттен кейін ерлер сайысының іріктеу кезеңі өтті. Шаңғы жарысынан ширек финалға шығу үшін Қазақстан құрамасының үш өкілі бақ сынаған еді. Бұл жерде де әйелдер жарысындағыдай іріктеуден сәтті өту үшін үздік 30 спортшының қатарына кіру қажет болды. Виталий Пухало 75-орынмен мәреге жетсе, Әмірғали Мұратбеков 76-орын алды. Ал Наиль Башмаков 85-орынға тұрақтады. Іріктеу кезеңіндегі ең үздік нәтижені Норвегия өкілі Йоханнес Клебо көрсетті.

КЕЙ ШОРТ-ТРЕКШІ ЖАРЫСТАН ШЫҚТЫ



Олимпиаданың әдемі сайыстарының бірі шорт-трек бойынша 500 метр қашықтықта отандастарымыз бақ сынады. Бұл қашықтықта Қазақстан құрамасының атынан Яна Хан мен Ольга Тихонова бақ сынады. Ольга Тихонова іріктеу кезеңінің алғашқы жарысында төртінші болып мәреге жетіп, ширек финалға өте алмады. Айта кетейік, бұл кезеңге әр жарыстан екі үздік спортшы, сондай-ақ үшінші орын алғандардың ішінен ең жақсы уақыт көрсеткішін тіркеген төрт шорт-трекші жолдама алады.
Ал Яна Хан жарыс барысында құлап, төртінші орынмен шектелді де, осы қашықтықтағы өнерін аяқтады.
Қыздардың ізін жалғап, Денис Никиша да өнер көрсеткен еді. Алайда қысқы Олимпиаданың 1/4 финалына өте алмады. Спортшымыз өзінің төртінші Олимпиадасын 1000 метр қашықтықтан бастады. Осылайша, өз іріктеу жарысында үшінші нәтиже көрсетті. Нәтижесінде, Денис Никиша барлық жарыс аяқталғанға дейін ширек финалға шығу мүмкіндігін сақтады. Алайда соңында ол 1/4 финалға өте алмады. Әйтсе де, Денис Никишаның негізгі қашықтығы — 500 метр. Сондықтан әлі де мүмкіндік бар.
Бұған қоса, шорт-трекшілеріміз командалық жарыста да сәтсіз өнер көрсеткенін айта кетуіміз керек.

МИХАИЛДЫҢ БАСТАМАСЫ ЖАҚСЫ



Отандасымыз Михаил Шайдоров мәнерлеп сырғанауда жақсы нәтиже тіркеді. Ол ерлер арасында жекелей сырғанауда қысқа бағдарламамен өнер көрсеткен еді. Мәнерлеп сырғанаушы барлық іс-қимылдарын еш қатесіз орындап, төрешілердің шешімімен 92.94 ұпай жинап, нәтижесінде 5-орынға тұрақтады.
АҚШ өкілі Илья Малинин 108.16 ұпаймен көш бастады. Екінші орынды жапониялық Юга Кагияма (103.07 ұпай) иеленсе, үшінші аралық орынға 102.55 ұпаймен Франциялық Адам Сяо Хим Фа тұрақтады.
Негізгі шешуші кезең 3 ақпанда өтеді. Спортшылар еркін бағдарлама бойынша сынға түседі.

МОГУЛШЫЛАР ФИНАЛҒА ӨТЕ АЛМАДЫ



Италияда өтіп жатқан 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарында фристайл-могулдан екінші іріктеу кезеңі аяқталды. Екінші іріктеу кезеңінде Қазақстан атынан Анастасия Городко, Юлия Галышева және Аяулым Әмренова өнер көрсеткен еді.
Алғашқы финалдық сырғанауда Галышева 14-орын, Городко 15-орын, Әмренова 18-орын алды. Алайда бұл нәтижелер сегіз үздік могулшы ғана шығатын негізгі финалға өтуге жеткіліксіз болды. 14 ақпанда параллельді могул сайыстары өтеді.

Әсет ҚАЛИ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАБЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(7172) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(7172) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4702
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,